

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ЗАМАНАУИ АУРУХАНА САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі балмұздақ және пакеттегі сүтті өндіретін ең ірі кәсіпорынның бірі саналатын «Шин-Лайн» компаниясы мен Оңтүстік Корея Республикасының «Hyundai hospital» ауруханасының өкілдерін қабылдады.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Басқосу барысында Байсерке ауылында салынатын, пациенттерге ортопедия мен травматология, кардиология мен нейрохирургияға дейінгі қызметтердің кең спектрі ұсына алатын 200 төсектік көпсалалы аурухана құрылысының жайы сөз болды. Аталған медицина мекемесі «Шин-

Лайн» компаниясы мен Оңтүстік Корея Республикасының «Hyundai hospital» бірлескен кәсіпорын форматында жүзеге асырылмақ. Құрылыс бюджеті 72 миллион АҚШ долларына бағалануда. Марат Елеусізұлы меймандарға Алматы облысы жайлы мол мағлұмат беріп, жана аурухананың құрылысы 2027 жылы аяқталып, өңір тұрғындарына жоғары сапалы қызмет көрсетуге қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды медициналық орталыққа айналуы тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ «Шин-Лайн» және «Hyundai hospital» сияқты ірі серіктестермен ынтымақтастықтың облыс үшін бірегей мүмкіндіктер ашатынын және уақыт талабына сай аурухана мен жаңа жұмыс орнын құру аймақтың дамуына елеулі үлес қосатынын тілге тиек етті.

«Шин-Лайн» компаниясының басшысы Андрей Шин екіжақты ынтымақтастықтың арқасында жүзеге асқалы отырған жобаның болашағы жайлы сөз қозғады.

«Hyundai hospital» компаниясының президенті Ким Бу Сон Қазақстан

олардың компаниясы үшін стратегиялық маңызды серіктес екенін және бірлескен жобалар халықаралық байланыстарды нығайтатынын айтты. Жаңа медициналық орталықтың екі ел мамандарының тәжірибе алмасу кеңістігіне айналатын маңызды нысан болатынын жеткізді. Өз ауруханаларының Кореядан басқа елдерде бар екенін алға тартты. Сонымен қатар «Шин-Лайн Хендэ ауруханасы» жобасының таныстырылымы жасалды.

Маңызды кездесу ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға қол қою рәсімімен қорытындыланды. Бұл құжат ұзақ мерзімді өзара ынтымақтастық аясында аурухананы дамытуға ықпал етеді. Мақсаты – әрбір тараптың рөлі мен міндетін нақтылау. Осы меморандум аясында әр тарап үздіксіз процесті қамтамасыз ету үшін тығыз жұмыс істейді. Маңызды шешімдер өзара келісім бойынша қабылданатын болады. Аталмыш жоба жүзеге асса, облысымыздың медицина саласының дамуына айтарлықтай үлес қосылмақ.

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ОЛҚЫЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ



Облыс әкімдігінде алқалы жиын өтті. Аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев төрағалық еткен отырыста 9 айда атқарылған жұмыстар сараланды. Алғашқы сөз кезегі облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаевқа берілді.

– 9 айдың қорытындысы бойынша барлық негізгі салада оң динамика сақталып, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 108,6 пайызды құрады. Облыс экономикасына тартылған инвестиция көлемі 32,8 пайызға өсті. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіш. Жыл соңына дейін өңдеуші секторда 113,8 млрд теңгеге 9 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарлануда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 8,3 млрд теңгеге 1 094 тұрғынға жеңілдетілген несие берілді. Алайда 18 ауылдық округтің тұрғындары бағдарламамен қамтылмаған. Алдағы уақытта сол ауылдық округтердің әкімдері халық арасында түсіндіру жұмысын күшейтеді және бағдарламаға қатысу үшін мүмкіндіктерді пайдаланады деп үміттенеміз. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында биыл 52 елдімекенді

қамтитын 84 жоба жүзеге асырылуда. 1 қазанға дейінгі мәліметке сүйенсек, жылдық жоспардың 60 пайызы игерілген. Биыл ауылдарды өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес қамтамасыз етуді 67 пайызға дейін жеткізу жоспарлануда. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 4 пайызға, жұмыспен қамтылғандар саны 2,3 пайызға ұлғайды. Шағын және орта бизнес субъектілерінің өндірген өнімі мен көрсеткен қызметтерінің көлемі Балқаш ауданында 29,9, Іле ауданында 17,2, Қонаев қаласында 23 пайызға азайған. Мұның себебіне тоқталсақ, Балқаш ауданында «Тамшыбұлақ» ЖШС жабдық ақаулығына байланысты күріш өндіруді 2 есеге қысқартты, Іле ауданының Жетіген ауылдық округі мен Қонаев қаласының кейбір шағын және орта бизнес субъектілері Алматы қаласының аумағына өткен. Сонымен бірге көтерме сауда көлемі Еңбекшіқазақ ауданында 18,6, Қарасай ауданында 15,8, Қонаев қаласында 47,5, Талғар ауданында 18 пайызға төмендеді. Жылдық инфляция деңгейі 105,5 пайызды құрады. Бұл – республика бойынша ең төменгі көрсеткіш. Газдандыру деңгейі 50,4 пайызды құрайды. Газбен жабдықтауға жататын

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАТЫНАЙДЫ

Қарашаның 1-інен бастап облыстың бірқатар елдімекендерін Алматы қаласымен байланыстыратын муниципалдық бағыныстағы автобус бағыттары ашылды. Барлық бағыттағы автобустарда жолақысын төлеу «Онау» төлем жүйесіне қосылған және құны 120 теңгені құрайды.

Бейбіт МЕКЕЕВ

Алматы қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, қараша айының бірінен бастап қала төңірегіндегі бірнеше ірілі-ұсақты елдімекендерге автобустар қатынай бастайды. Олар Қаскелең қаласы мен Ұзынағаш ауылына дейін барады. Сонымен қатар жаңадан тағы да үш бағыт ашылып отыр. Әкімдік таратып отырған хабарламада: «№245 бағыт Ұзынағаш ауылы мен Алматы қаласын байланыстырмақ. Автобус Төле би-Яссауи аялдамасынан жүреді. Бұл бағытқа сыйымдылығы үлкен 25 автобус бекітілген. Жұру уақыты таңғы 5:45-те басталып, түнгі 23:00-де аяқталады. Тасымалдаушы – «Ecobus service» ЖШС.



№254 бағыт Қаскелең – «Сәлем» базарын жалғамак. Бұл бағытқа сыйымдылығы үлкен 16 көлік бөлінген. Жұру уақыты – 5:50, аяқталуы – 23:00. Тасымалдаушы – «Мадина» ЖШС. №239 бағыт «Б.Момышұлы» метробекеті – Долан ауылына 18 автобуспен қызмет көрсетпек. Жұмыс уақытының басталуы – 5:30, аяқталуы – 23:01. Тасымалдаушы – «Neo City Trans» ЖШС», – делінген.

Аталған бағыттардың барлығындағы жолақысы қаладағыдай 120 теңге деп бекітілген. Өйткені барлық автобус «Онау» электронды билеттендіру жүйесімен жабдықталған. Сондай-ақ Алматы қалалық әкімдігі бұл бағыттардың барлығы да тасымалдаушыларға қызмет көрсетуге арналған байқаулар өткізілгенге дейін берілген әрі тәстілік режимде қызмет атқаратыны хабарланды. Қозғалыс сыйымдылығы бойынша жолаушы ағыны мен халықтың сұранысы ескеріле отырып, өзгерістер енгізілетін болады.

БҮГІНГІ САНДА:



BRICS БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ? 3-бет



ШЕҢГЕЛДІНІҢ ПИЯЗЫН ШІРІТІП АЛМАЙЫҚ 4-бет



ҰЛТ ТҮТАСТЫҒЫН ТҮЛҒАЛАР ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ 5-бет

ДАМУ



Тиімділігі зор жоба

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев «ADC TAZA A 'Lem» ЖШС өкілдерімен кездесті. Жүздесу барысында Іле ауданындағы «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қалдықсыз өңдеу техно-экопаркін салу және іске қосу» жобасы аясында салынып жатқан тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытының құрылыс жұмысын саралады.

Ерзат АСЫЛ

Аймақ басшысы өз сөзінде кокыс өңдеу ең озық мәселе екенін, сол себепті оған барынша назар аударылатынын жеткізді.

– Жыл сайын Алматы облысының аумағында 430 мың тоннаға жуық кокыс түзіледі. Бірақ тек 100 мың тоннаға жуығы өңдеуге жіберіледі. Сондықтан қатты тұрмыстық қалдық көлемін азайтуға мүмкіндік ашатын қорықтарды дұрыс сақтау, сұрыптау және қайта өңдеуге басымдық беру керек. Аймақтың басты проблемаларының бірі болып табылатын жағымсыз иіс шығаратын және айналыны уландыратын табиғи полигондардың саны артып келеді. Қазір өңірде қайталама шикізатты өңдеумен 12 кәсіпорын айналысады. Алайда, олар жеткіліксіз. Осыған орай алдымызда инвестиция тарту, тиісті инфрақұрылымды құру

міндеті тұр. Сондықтан «ADC TAZA A 'Lem» ЖШС-нің ауқымды жобасына қашанда қолдау көрсетеміз, – деді Марат Елеусізұлы.

Биыл шілде айында Іле ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды, ірі көлемдегі материалдарды, темірбетон бұйымдарын қайта өңдейтін және кокыс жағу арқылы электр энергиясын өндіретін зауыт іргетасы қаланған болатын. Жобаға жауапты «ADC TAZA A 'Lem» ЖШС өкілдері жер телімдерін алу мен басқа да жобалық-сметалық құжаттамаларға байланысты зауыт құрылысы кешегідей жатқанын жеткізді. Ал облыс әкімі бұл кедергілерді тездетіп шешіп, жоба құрылысының қарқынды жүруіне қолдау беретінін айтты.

Жоба «Жасыл даму» АҚ-ның қолдауымен жүзеге асады. Үкімет қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетігін бекіткен болатын. Жобаның жалпы құны шамамен 32,6 млрд теңгені құрайды. «Өнеркәсіпті дамыту қорынан» сұралған сома – 24,3 млрд теңге.

«ADC TAZA A 'LEM» ЖШС директоры Ерлан Дүйсебаевтың айтуынша, бұл өте маңызды жобалардың бірі. Іргетасы қаланатын зауыттың жалпы ауданы – 32 гектар. Онда күнделікті 700 тонна көлемінде кокыс өңделіп, сағатына 18 МВт электр тоғы шығарылады. Зауыт іске қосылғанда 160-қа жуық жаңа жұмыс орны ашылақ. Жобаға серіктес ретінде Түркия елінің компаниясы тартылған. Зауыт құрылысын келер жылы аяқтау жоспарланып отыр.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Тұрғындар тілегі ескеріледі

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев мемлекеттік және сервистік қызмет көрсету орталығында тұрғындарды қабылдады. Онда жер қатынастары, ауылдардың инфрақұрылымын дамыту, мектеп құрылысы мен жол сапасына қатысты сұрақтар көтерілді.

Қабылдаудың басты қағидасы – ашықтық, сол себепті жазылушылар, келушілер өздерін толғандырған мәселелер бойынша нақты жауап алды, маман кеңесін тыңдады. Қабылдау барысында өңірдің 8 тұрғыны өз сұрағын тікелей жеткізді. Кездесуде жалпы 7 мәселе қаралды. Аймақ басшысы келушілерді тыңдап, олардың сауалдарын мамандар жан-жақты зерттейтінін айтты. Кез келген мәселе заңдылығына қарай шешімін табады. Ол үшін облыс әкімі жауапты басқарма басшыларына міндеттер жүктелді.

Мәселен, Іле ауданының тұрғыны Боралдай кентіндегі негізгі жолдарды сапалы жөндеуді сұрады. Аймақ басшысы бұл мәселе оң шешім табатынын айтты. Сондай-ақ Жамбыл ауданынан келген азамат кәсібін дамытуға жер телімін сұрады. Аймақ басшысы аудан әкіміне бұл мәселенің мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

– Тұрғындар көтерген мәселелерді уақытылы шешу – біздің басты міндетіміз. Осыған бар күш-жігерімізді саламыз. Әрине, барлық мәселе тек заң шеңберінде шешіледі. Біз ұсыныс-пікірлерді назардан тыс қалдырмаймыз, – деді Марат Сұлтанғазиев.

Айта кетейік, облыс әкімдігі тұрғындардың өтініштерін жүйелі түрде қабылдап, олардың шешімін табуға ерекше назар аударады.

Ермұрат МУҚЫРБАЙ
Қонаев қаласы

СЕРПІН

ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Алматы облысы – республикадағы туристік әлеуеті жоғары аймақтың бірі. Бай табиғаты, әр алуан климаты, ерекше таулы аймақтары мен мәдени-тарихи нысандары бар облыс туризмнің бірнеше түрін дамытуға сұранды түрде болады. Көркіне көз тоймайтын Көлсай көлдері мен Шарын шатқалы сияқты жаратылысы өзгеше орындар табиғатта серуендегенді ұнататын туристердің сүйікті орнына айналғалы қашан?! Ерте көктемнен қара күзге дейін мұнда трекингпен, альпинизммен айналысуға мүмкіндік мол болса, қыс айларында «Ақбұлақ», «Ой-Қарағай», «Пионер» сияқты демалыс орындарында шаңғы теуіп, таза ауамен тыныстау үшін барлық жағдай жасалған.

Алматы облысы мәдени және тарихи ескерткіштерге өте бай. Солардың бірі – ежелгі петроглифтер бедерленген Таңбалы шатқалы. Бұл – ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне енген әлемдік деңгейдегі ескерткіш. Таңбалыдағы 3 мың жылдан астам уақыт бұрын тасқа қашалған бейнелер Орталық Азияда жасаған ежелгі өркениет ошақтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде маңызды жәдігер саналады.

Кейінгі жылдары елімізде экологиялық туризм жақсы үрдіске айнала бастады. Бұл бағытта Алматы облысында туристерге өңір табиғатына зиян келтірмей жақын танысуға көмектесетін экмаршруттар қарқынды дамып келеді. Мысалы, Іле-Алатауы сияқты

ұлттық парктер жаяу экскурсиялар ұйымдастырып, тұмса табиғатпен етене байланысуға жағдай жасап отыр.

Алматы облысына саяхаттауға әлемнің көптеген елдерінен, әсіресе көршілес Қытайдан туристер көп келеді. Қытаймен шектесетін Алматы облысы осыған байланысты Аспанды елінің туристерін көптеп тартудан үмітті. Бұған алғышарттар да жоқ емес. Атап айтсақ, биылғы жыл «Қазақстанның Қытайдағы туризм жылы» деп жарияланса, 2025 жыл «Қытайдың Қазақстандағы туризм жылы» болмақ. Осыған байланысты және былтыр екі ел арасында визасыз жеңіл орнатылғанын ескерсек, алдағы уақытта Қытайдан елімізге, оның ішінде Алматы облысына келетін



туристер саны айтарлықтай артады деген үміт бар. Алматы облысының құзыретті органдары да Қытай нарығына аймақтың туристік әлеуетін таныстыратын іс-шаралар жоспарын да дайындап, мүмкіндікті мүлт жібермей отыр.

Таяуда Қытай астанасы Пекинде өткен «СОТТМ-2024» Қытай көшпелі туризм көрмесінде облыстың туристік әлеуетін паш етіп, Аспанды еліне келетін туристер санын арттыруға мүмкіндік туды. 16-18 қазан күндері

өткен көрмеге Алматы облысы да өз павильонын апарды. Қазақтың ұлттық тағамдары, колөнер шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар мен туристік компаниялардың түрлі өнімдері қойылған павильон келушілердің назарын бірден өзіне аударды. Көрмеге облыс атынан қатысқан туристік компаниялар әртүрлі өнімдерін таныстырды. Қытайлық туристер ұсыныстарына үлкен қызығушылық танытты.

Қазақстанның туристік компаниялары мен қытайлық әріптестері арасында 50-ден астам екіжақты кездесулер өткізіліп, ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қойылды. Облыстағы ұйымдардың «СОТТМ-2024» көрмесіне қатысуына туризм басқармасы мен туристік ақпараттық орталығы күш салғанын айта кету керек.

Ермек ЖАНТӨХОВ,
«YI GROUP» ЖШС директоры

ОЛҚЫЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

←(Басы 1-бетте)

Сақтау көлемі 128,6 мың тонна болатын 71 жеміс-көкөніс және картоп қоймасы мен ауданы 84,9 гектар болатын 55 жылжымай шаруашылығы жұмыс істейді. Жылжымай шаруашылығын дамыту облыс пен Алматы қаласының тұрғындарын маусымаралық кезеңде жаңа көкөністермен қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Ұйғыр, Іле, Талғар, Балқаш, Кеген, Райымбек аудандарында ауыл шаруашылығы техникасының тозу көрсеткіші жоғары екенін атап өткен жөн. Қарасай мен Іледе ірі қараның, Қарасай ауданында жылқы басының, Еңбекшіқазақ, Талғар, Кегенде құс санының азаюы байқалады. Іле ауданында тауық жұмыртқасын өндіру төмендеген. Облыста 270,5 мың гектар суармалы жер бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану алаңын ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл жұмыстың Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Балқаш аудандарында баяулығы байқалады. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау бойынша биыл 26,5 млрд теңге бөлінді. 9 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 25,3 млрд теңге субсидия берілді, – деді ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы. Одан кейін сөз алған облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұртас Қиялбеков осы салада 9 айда атқарылған жұмыс жайын баяндады.

– Облыс аумағында жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың 9 айлық жоспары 97 пайызға орындалды. Жыл басынан сібір жарасына қарсы 3,03 млн, ауылға қарсы 4,7 млн, қой шешегіне қарсы 2,5 млн, пастереллезге қарсы 1,9 млн, ірі қара қарасанына қарсы 395,6 мың, етқоректілердің эхинококкоздына қарсы 97,8 мың бас малға вакцинациялау жүргізілді. Бруцеллез ауруына диагностикалық зерттеудің 9 айлық жоспары 98 пайызға орындалды. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының 7 колайсыз ошағы тіркелді. Қазіргі уақытта барлық ошақта сауықтыру шарасы толық жүргізілді. Ұйғыр ауданы Үлкен Ақсу ауылдық округіндегі барлық мал мәжбүрлі түрде сібір жарасына қарсы вакцинациялаудан өткізілді. Мал қоралары мен жайылым жерлерге мәжбүрлі және қорытынды дезинфекциялау жұмысы жүргізілді. Дезинфекцияның сапасын анықтау үшін зерттелген 119 сынама қанағаттанарлық нәтиже көрсетті. Ауылдық округ аумағында белгісіз себептермен өлекселерден диагнозы нақтылау үшін 20 сынама алынды. Мал өлекселері өртелеп, жойылды. Ауылға кіретін жолдарға 2 блокпост қойылып, тәулік бойы ветеринария және полиция қызметкерлерімен кезекшілік жүргізілді. Ветеринариялық инспекция тарапынан карантиндік режим ережелерін сақтамағаны үшін ауылдық округ әкіміне 1 нұсқама, ауыл тұрғындарына 6 ескерту беріліп, ауданның ветеринария бөлімінің басшысына, ветеринариялық пункт меңгерушісіне және 14 ауыл тұрғынына айыппұл салынды. Облыстық ветеринариялық стансаның бөлім басшысына ескерту және Ұйғыр ауданының 10 ветеринар дәрігеріне сөгіс берілді. Ветеринария бөлімінің басшысы мен ветеринариялық пункт меңгерушісі жұмыстан босатылды. Сібір жарасы жерленген жерлердің санитарлық-қорғау аймағы бұзылған ошақтарға мониторинг жүргізіліп, 1000 метрден кем арақашықтықта орналасқан 13 ошақ тіркелген. Балқаш, Еңбекшіқазақ, Іле, Жамбыл, Ұйғыр аудандарында сібір жарасы көмінділерінің санитарлық қорғау аймағындағы

жер телімдері жеке қолданысқа берілген. Басқарма тарапынан аудан және қала әкімдеріне сібір жарасы көмінділерінің ошақтарына тікелей жақын жерде құрылыс салу үшін жер учаскелерін бермеу туралы хат жолданып, тапсырма берілген. Алайда Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Ұйғыр аудандарындағы сібір жарасы көміндісінің санитарлық қорғау аймақтарында әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер орналасқан. Сонымен қатар Іле, Балқаш, Ұйғыр аудандары мен Алатау қаласындағы 11 көмінді әртүрлі себеппен теңгерімге алынбаған, – деген ветеринария басқармасының басшысы мал сою пункттерін салу бойынша Балқаш, Жамбыл, Іле, Қарасай, аудандарында жұмыс жүргізілмегенін сыңға алды. Сонымен қатар мал қорымдарының жеткіліксіздігіне байланысты, қараусыз және қаңғыбас ит, мысықты аулау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы сөз қозғап, алдағы жоспарымен бөлісті.

Жиында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдын Бегімбековтің құрылысы аяқталмаған инфрақұрылымдық жобалар туралы және оған қосымша жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ермек Баймұхамбетовтің баяндамалары тыңдалды. Сонымен бірге құрылыс басқармасының басшысы Мұғамедғарип Құрманғалиев құрылысы аяқталмаған әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысы жайында есеп берсе, облыс әкімі аппаратының басшысы Мұрат Мәдіғұлов орындаушылық тәртіптің орындалуы жайын баяндады.

Әкімдік отырысын қорытындылаған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев 9 айдағы атқарылған жұмыстарды саралай келе, барлық көрсеткіш бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізілгенін қаперге салды. Сондай-ақ сөз болған бірқатар кемшілікті жою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айтты.

– Биыл Мемлекет басшысы Үкімет алдына экономиканың 6 пайыз өсуін қамтамасыз ету міндетін қойды, оған барлық өңір үлес қосуы тиіс. Сондықтан біз қолда бар резервтерді өңірлік өнімнің үштен бірін құрайтын өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында пайдалана отырып, жыл соңына дейін оң динамиканы сақтап қалуымыз керек. 9 айда 30 млрд теңге бюджет қаражаты игерілмеген, оның 50 пайызы – жергілікті бюджет қаражаты. Білім басқармасында, Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ аудандары мен Алатау, Қонаев қалаларында бюджет қаражатын игеру жұмысы әлсіз жүргізілген. Сонымен қатар пайдаланылмайтын 111 коммуналдық, 163 иесіз мүліктің әрқайсысының экономикалық тиімділігін арттыру бойынша арнайы Жол картасын әзірлеп, жұмыс жүргізу тапсырылған. Бірақ бүгінде нақты шаралар қабылданған жоқ. Бұл ретте, облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаевқа, экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы басқармаларына аудан, қала әкімдерімен бірлесіп, бюджетті игеру және оның кіріс бөлігін ұлғайту бойынша жұмыстарды күшейтуді тапсырамын. Өңдеу саласында жыл басынан бері тамақ өнімдері мен сусындар өндірісінде аздап өсім байқалады. Дей тұрғанмен, әлі күнге дейін бірқатар жүйе құраушы кәсіпорындарда өндіріс көлемінің төмендеуі орын алуда. Одан бөлек, экономиканың өсуін қамтамасыз ету жоспары аясында іске қосу көзделген 6 жобаның тек біреуі ғана тапсырылды, – деген облыс басшысы орынбасарлары мен аудан, қала әкімдеріне және тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Таңжарық БАҚТЫБАЙҰЛЫ

BRICS бізге не береді?

Қазақстан – экономикалық, саяси тұрғыдағы мүдделер тоқайласқан бірқатар халықаралық ұйымдарға мүше. Соның аясында саналуан шаруаларға араласып, тіпті қабақ шытысқан, дүрдараз болған мемлекеттерге араағайындық жасауға атсалысып келеді. Сондай ұйымдардың бірі деп BRICS-ті атар едік. Осы тұста «Біздің елдің басшылығы неге бұл ұйымға мүше болып кірмеді?» деген сұрақ туындайды. Оның елімізге қажеттігі қаншалықты маңызды? Жауап күткен мәселелер аз емес.

Бейбіт МЕКЕЕВ

Лавров мырзаның Ресейдің стратегиялық әріптесі және одақтасы ретінде Қазақстанды осы саммитке шақырғанын айтсақ та болады. Десек те, кеңейтілген BRICS-ке мүше болған 10 елдің 16-басқосуына осы форматтың толық мүшесі болуға дайын екендігін бұдан бұрын мәлім еткен республикамыз да белсенді түрде қатысты. Тұтастай алғанда, әлем елдері BRICS-ті теңқұқылылық негізде диалог пен ынтымақтастық құратын алаң ретінде қабылдайтыны да сөзімізге бір дәлел. Осы тұста атап көрсетерлік жайт – Батыстың санкциялары Ресей экономикасына кері әсерін тигізіп отырғанымен, осы ұйымның арқасында оны толығымен оқшаулай алмағандығы. Құрлықтың 30 пайызын жайлап, әлем халқының 45 пайызының басын біріктіріп, әлем бойынша мұнай өндірудің жалпы көлемінің 40 пайызын, әлемдік тауар экспортының 25-ке жуық пайызын қамтамасыз етіп отырған бір кездегі Бестік, бүгінгі таңдағы Оңдық елдерінің белді мүшесі Ресеймен санаспау мүмкін еместігі айқын. Мұндай ұйымға мүше болмай-ақ, жай ғана экономикалық және сауда-инвестициялық мүдде тұрғысынан атсалысып отырудың өзі еліміздің әлемдік аренадағы орны мен ықпалына әжептәуір бедел қосары даусыз. Мұның сыртында Астана экспортты диверсификациялауға, озық технологияларды иемдену мен көлік-логистикалық бастамаларын ілгерілетуге де мүдделі.

Осы ұйым және онымен әріптес елдер қарым-қатынастары төңірегінде сөз қозғап жүрген сарапшылардың пікіріне қарасақ, 2028 жылға қарай BRICS-ке мүше елдердің жалпы ішкі өнімінің көлемі әлемдік тұрғыдан келгенде 37 пайызға жетсе, G7 аталып жүрген «Жетіліктің» табысы 27 пайызға құлдырамақ. Өткен жылдың өзінде BRICS елдерінің Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы үлес салмағы 42,5 пайызды құрады. Ал осы ұйымға мүше Қытай мен Ресей –

географиялық жағынан алғанда, еліміздің ең жақын саяси және сауда-экономикалық әріптестері. Сонымен қатар Қазақстан Үндістанмен стратегиялық байланыс орнатса, ОАР және Бразилиямен ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделілік танытып отыр.

Аталған жағдайды қорытындылайтын болсақ, BRICS-тің дамушы елдердің дауыстары басымдыққа ие болатын анағұрлым көпполярлы әлем қалыптастыруға мүмкіндік туғызатыны айқын көрінеді. Олар сыртқы саясаттың неғұрлым тәуелсіз болуын қолдап, халықаралық қарым-қатынастарға батысшыл тұрғыдан келуге балама жол ұсынбақшы, яғни ұйым жаһандық мәселелерді шешуге анағұрлым жан-жақты тұрғыдан келуді мақұлдап отыр. BRICS-тің биылғы басқосуының қорытындысы негізінде ұйымға мүше елдер декларация қабылдады.

Ресейдің «Аргументы и факты» басылымына берген сұхбатында Ресейдің Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Қазақстанның BRICS жөніндегі ұстанымына қатысты түсініктеме берді. Оның сөзіне қарағанда, Қазақстан бұдан өзге ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕҚЫҰ және Түркияның бастамасымен құрылып, байланыстарын нығайтып қана қоймай, еңсе тіктеп келе жатқан Түркі мемлекеттері ұйымының белсенді мүшесі болып саналады. Олар біздің ортаазиялық одақтастарымыз бен стратегиялық әріптестерімізге үлкен назар аударып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде Астананың ұстанымы Қазақстанға да, Орта Азия елдеріне де әмбебап құрылым болып саналатын БҰҰ-мен белсенді қарым-қатынас орнатуға еш бөгет бола алмайды. Сонымен қатар, түптеп келгенде, өздерінің оңтүстіктегі, ҰҚШҰ, ЕАЭО бойынша одақтастары, бәрінен бұрын, BRICS-пен жақындасудан өздеріне тікелей пайда көретіндіктен, мүшелікке өтуді міндетті санамай-ақ, нақтылы жобаларды жүзеге асыруға атсалысқанды қалай көріп отырғандықтары сөзсіз. Ал мұның Ресейдің өзінің мүддесіне қайшы келер тұсы жоқ екенін атап көрсетті. Әрі бұдан біраз уақыт бұрын Ресей Президентінің баспасөз хатшысы Д.Песков та Мәскеудің Қазақстанның аталған ұйымға қатысты ұстанымына құрметпен қарайтынын хабарлаған еді.

Естеріңізге сала кетейік, БРИКС (BRICS) – тоғыз мемлекеттің бірлестігі: Бразилия, Қытай, Ресей, Үндістан, БАӘ, Иран, Египет, Оңтүстік Африка Республикасы және Эфиопия. Ұйым мүшелері Батыс елдерінің Халықаралық валюта қоры және Бүкіләлемдік банк сияқты халықаралық ұйымдарда басымдыққа ие, сондықтан дамушы экономикалардың да дауысы естілетіндей теңқұқылы күш қажет деген идея төңірегіне топтасты. Соған орай 2014 жылы инфрақұрылымдық жобаларға несие ұсынатын Жаңа даму банкі құрылды. Ұйым елдерінің бірлескен экономикасы 28,5 триллион доллар деп бағалануда, басқаша айтқанда, әлемдік экономиканың 28 пайызын құрап отыр. Ал егер ұйымға Сауд Арабиясы қосылса, онда BRICS әлемдік мұнайдың 44 пайызын өндіретін орасан күшке айналмақ.

Ұйым 2006 жылы құрылды.



БӘСІ БӨЛЕК БАСЫЛЫМ

Баспасөзге қатысты жоспарлы іссапарын Райымбек ауданында жалғастырған «Өлке тынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Кәдірбек Құныпияұлы мен облыстық «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұңғатар аудан әкімдігінің мәжіліс залында ауыл әкімдері, мектеп директорлары, мекеме басшылары, қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесті. Жиынды аудан әкімінің бірінші орынбасары Ғалым Жусанбаев ашып, басқосудың мән-жайы туралы көпшілікті хабардар етті. Кездесу барысындағы негізгі әңгіме баспасөздің қоғамда алатын орны, бағыт-бағдары, ұстанымы, бүгінгі таңдағы жай-күйі төңірегінде өрбіді.

Жұмабек ТҰРДИЕВ

Биыл Атырау жерінде өткен III Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Оқитын ұлт» бастамасын көтергені белгілі. Бұл бастама тегіннен-тегін қозғалған жоқ. Өйткені әлеуметтік желіге байланған бүгінгі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарына, әсіресе газет-журнал мен әдеби кітапқа деген ынта-ықыластың төмендеп кеткені жасырын емес. Мұндай кереғар құбылыстың ұлттық құндылықтарға, тәлім-тәрбиеге

Жарық көріп келе жатқанына бір ғасырдан астам уақыт болған «Оғни Алатау» газетінің де облыс тұрғындары үшін орны бөлек. Тілі орысша болғанымен, жүрегі қазақша соғатын басылымның жұмысы соңғы кезеңде тың жаңалықтармен толыға түсуде. Соның бірі ретінде газет бетінде орыс тіліндегі мақалалармен қатар, қазақ тіліндегі материалдардың да берілуін айтуға болады. Мұны мемлекеттік тілге, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, ұлттық тәлім-тәрбиеге көрсетілген құрметтің ең жоғарғы көрінісі деп қабылдаған абзал.

Мемлекет басшысының «Оқитын ұлт» бастамасын қолдау барысында Текес ауылының тұрғындары осыдан бірнеше ай бұрын облыс халқына «Алатау арайы» мен «Оғни Алатау» газеттерін отбасы болып оқу жөнінде Үндеу жолдаған болатын. Оны облыс тұрғындары ауылдың ғана емес, аудан халқының Үндеуі ретінде қабылдады. Өз аудандарында келелі жиындар өткізіп, Райымбек ауданы тұрғындарының бастамасын кеңінен қолдайтындарын білдірді. Қазір аталған қос басылымды келесі жылға жаздырып алуға деген құлшыныстың арта түсуі осыны аңғартады. Осы орайда мына мәселені айтпай кетуге болмайды. «Әлеуметтік желі кеңінен қолданысқа енген бүгінгі уақытта газеттің қажеті қанша? Күнделікті ақпаратты содан-ақ алып отырмыз» деушілер көп. Рас, жаналықты, оқиғаларды жылдам әрі қысқа да нұсқа таратуда әлеуметтік желінің дөңсесі басым. Бірақ мәселенің екінші жағы да бар екенін естен шығармаған жөн. Әлеуметтік желідегі дүниелердің басым бөлігі сараланбаған, талданбаған күйінде ұсынылып жатады. Содан барып жалған ақпарат тарайды. Бүгінгі қоғамда мейірім, қайырым, сүйіспеншілік, бауырмалдық сияқты адами құндылықтар азайып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың суынуы, тәлім-тәрбиенің кеміп бара



тән қасиетті ұғымдарға кері әсерін тигізіп отырғаны күнделікті тіршілік тынысында анық байқалуда. Ал көзге ұрып тұрған кемшіліктерден арылудың негізгі жолы – газет-журнал, кітаппен достасу. Былайша айтқанда, үлкен-кіші болып түгелдей мерзімді баспасөз бен ұлттық әдебиеттің тұрақты оқырманына айналу. Отбасы болып оқитын дәрежеге көтерілу.

Алматы облысында «Алатау арайы» газетінің жарық көріп келе жатқанына екі жарым жылдың жүзі болды. Бұрынғы «Жетісу» газеті Жетісу облысында қалған соң, орнын басып отырған басылымның аты өзгергенмен, заты өзгерген жоқ. Жұмысын бұрынғысынша жалғастырып, облыс тұрғындарын тың ақпарат, соны жаңалықтармен қамтудағы бір ғасырдан бергі өзінің басты міндетін мінсіз атқарып келеді. Оның айқын көрінісін газеттің әр нөміріндегі облыстың қоғамдық-саяси ахуалы, экономикалық тұрғыдағы даму барысы, әлеуметтік жағдай, өнер, білім, мәдениет, басқа да сан-салалы мәселелерге қатысты жарияланымдар арқылы аңғаруға болады. Аспантаудың етегі, Райымбек баба мекенінің ақпейіл жұрты да газетті рухани сырласы, етене жақын жан серігіне балап, байланысын үзген емес. Бәсі бөлек басылым о бшақы ұстанған бағыт-бағдарынан еш уақытта айнымай, өзін сүйетін, асыға күтетін қалың оқырманның көзі, құлағы, тілі бола беретіні анық.

жатқаны, қатыгездіктің, қылмыстың етек алуы әлеуметтік желідегі жалған ақпараттардың нәтижесі десек, қателесе қоймаспыз. Әлеуметтік желінің тағы бір кемшін тұсы – ақпараттың сақталмайтыны. Ал газеттің әлеуметтік желіден басым екені – оның шынайылығы мен мазмұндылығында. Жарияланған әрбір материалдың жан-жақты талданып, сараланып, зерттеліп барып, қалың бұқарға ұсынылатындығында және ғасырдан бойына сақталатындығында. «Газеттің өзі бір күндік, сөзі мың күндік» деп бағаланатыны сондықтан. Айта кету керек, әлеуметтік желіні ойлап тапқан алпауыт мемлекеттерде газет-журналдар әлі күнге өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Оқырмандары миллионнан асып жығылады. Бұл – мерзімді басылымның шынайылығы мен өміршеңдігінің, күнделікті тыныс-тіршілікке қажет екені мойындалғанының белгісі. Мұндай пайымды пікір, парасатты көзқарас республика көлеміндегі үздік төрт газеттің қатарына кіретін «Алатау арайы» мен «Оғни Алатауға» да тән. Мерзімді басылым, оның ішінде Алматы облысының жылнамасы саналатын қос газет жөніндегі ойларын осылайша түйіндеген Кәдірбек Құныпияұлы мен Қуаныш Тұңғатар өздерімен бас қосып отырған аудан тұрғындарын «Алатау арайы» мен «Оғни Алатау» газеттеріне жазылуда белсенділік танытуға шақырды.

Райымбек ауданы

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қонаев қаласына қарасты Шенгелді ауылдық округі – мал базып, егін егін, амакәсіпті жалғастырып, облыстың ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосып отырған берекелі мекен.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Ауылдық округ әкімі Мақсат Жазиевтің мәліметінше, биыл егістік алқабы 8050,4 гектарды құрап отыр. Егін шаруашылығымен 94 шаруа қожалығы, 6 АКК, 1 ӨК, 14 ЖШС айналысады. 14 шаруа қожалығы су үнемдеу техникасын қолданады. Шенгелді алқабында 709 гектар жер тамшылатып, 117 гектар жер жаңбырлатып суарылады. Күзгі дала жұмыстарына 119,0 тонна дизель отынына өтім берілген. 1879,79 га арпа, 2146 га жоңышқа, 101 га бидай, 678,8 га дәнге арналған жүгері, 1408 га сүрлемге арналған жүгері, 227 га қант қызылшасы, 407 га бақша дақылдары, 75,5 га картоп, 606 га соя, 511 га пияз егілген. Бүгінгі күнге дейін 1750 тонна картоп, 3500 тонна сүрлемге арналған жүгері, 1408 тонна арпа жиналған. Пияздың отаны саналатын Шенгелді алабында өзге де көкөністер мен дақылдар өсіріле бастағаны байқалады.

Пияз демекші, тамыздың 15-інен басталған пияз жинау науқаны әлі жалғасуда. Әкім келтірген дерекке сүйенсек, былтыр 1500 гектарға жуық болған пияз көлемі биыл үш есеге дейін азайып кеткен. Былтырғы егін жинау науқанынан кейін өңір дикандарының пияз сатуға қиындықтар туындағаны белгілі. Шаруалар өнімді өткізе алмағандықтан оны қоймада, қоймасы жоқтары есігінің алдындағы құнқағарларда сақтаған. Биыл көктемде олар қыстай сата алмаған тонна-тонна пияздарын шіріп кеткендіктен далаға тастауға мәжбүр болған. Осылайша, нәпақа тапқысы келген шаруалардың есіл еңбегі зая кетіп, шығынға батқан.

Қаңтар айында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Шенгелдіде пиязды сатуға туындаған мәселені шешудің үш нұсқасын ұсынған. Бірінші – көкөністің осы көлемін сатып алу туралы шетелдік компаниямен келіссөздер жүргізу. Екінші нұсқа – «Алтын Орда» базарында сатылатын тегін алаң ұйымдастыру. Үшінші – басқа өңірлердің кәсіпкерлерін пияз сатып алуға қызықтыру. Екінші мәселе бойынша облыс пен қала әкімдігі тарапынан шеңгелділіктер сатуға «Алтын Орда» базарына пияз сатуға арналған тегін орын ұйымдастырылған болатын. Алайда шаруалардың көпшілігі ол жерге барып, өнімін саудаламаған. Бұл жөнінде жыл басында өткен облыс әкімдігінің алқа мәжілісінде аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев Қонаев қаласы әкімдігінің «Алтын Орда» базарындағы аталған орында шеңгелділік дикандар өнімінің сатылуына мүмкіндік жасамай отырғаны сынға алған болатын. Шаруалар пиязды «Алтын Орда» базарындағы арнайы орынға апарудың тиімсіз екенін айтады. Ол үшін жүк көлігін жалдау керек. Көтерме бағамен сататындардың бұрыннан алып жүрген өз адамдары бар. Бұлардың тұтынушылары болмаған соң бір көлік пияз бір күнде өтпей, бірнеше күн тұрып қалады. Одан да ауыл іргесіндегі «Алматы – Өскемен» автокөлік жолының бойында саудаланды жөн санайды.

Күзгі жиын-терін науқаны кезінде Шенгелді өңіріндегі егістік алқабын аралап, пияз өсіруші дикандардың бірқатарына жолығып, аталған жайттың жай-жапсарын анықтауға тырысқан едік.

«Арыстан» шаруа қожалығының басшысы Әлібек Баталов 30 гектар аумаққа келісі 150 мың теңге тұратын «Манас» деп аталатын пияз сортын сепкен екен. Шаруа қожалығының басшысы жаз айында егістіктің зиянкес

жәндіктерден зардап шеккенін, соның салдарынан биыл өнімді аз жинап отырғанын тілге тиек етті. Ол былтыр Моңғолия мен Ауғанстанға өнімін саудалаған. Жарамсыз болып тастаған пияз көлемі де басқа шаруашылықтардан аз болыпты. Әлібек Аманғалиұлы теміржол түйығы қажет екенін, Қонаев қаласына барып вагонға тиеу үшін көлік жалдау керектігін, оның қаражат пен уақытты шығындайтынын алға тартты.

Келесі кезекте «Нұр агро» ЖШС-ның көкөніс сақтау қоймасына аялдадық. 13 мың тоннаға лайықталған қойма күзетінің басшысы Бейбітжан Жаманқұлов пияз сатып алушылар ЖШС-ның кеңсесіне барып, келісім-шартқа отыратынын жеткізді. Айтуынша, бұрын пияз негізінен Ресейге тасымалданатын. Биыл қыста көршілес ел Қазақстаннан пияз экспорттауға тыйым салғаннан кейін, өзге де шеңгелділік шаруашылықтар секілді бұл серіктестік те өнімін өткізе алмай қалған. Аталған шаруашылықта пияздан басқа алма, қызылша өсіріледі. Былтыр гүлдеп тұрған кезінде ауа райының күрт суытуынан үсіп кеткен алма ағаштар биыл өнім



ШЕҢГЕЛДІНІҢ ПИАЗЫН ШІРІТІП АЛМАЙЫҚ



бермегі. Қойма ғимаратының бөлмелерін көкөніс сақтау үшін басқа да шаруашылықтарға жалға береді. Көктемде серіктестіктің және қойма бөлмелерін жалға қойған шаруалардың пияздары шіріп кеткен. Жарамсыз өнімдер экология мамандарының қадағалауымен арнайы шұңқырға көмілген. Сондықтан биыл пияз егу көлемін азайтуына тура келген.

Біз осы шаруашылықтың егістік алқабына барған кезде дикандар пияздың «Калоба Ф1» сортын жинап жатыр екен. Бір ерекшелігі, мұнда пияздың жулынуы, арықтың бойына жиналуы, жүк көлігіне тиелу жұмыстары техниканың күшімен атқарылады. Піскен өнімді жинаған комбайн бірден көлікке тиеп, қоймаға жөнелтуде. Пияз қойма бөлмелеріне төгіліп, содан соң қаптарға салынады. Аталған шаруашылықта 2010 жылдан бері тамшылатып суару әдісі қолданылып келеді. Бұл әдіс суды үнемдеуге және өнімді мол алуға септігін тигізеді. Сондай-ақ «Нұр агро» ЖШС қайырымдылық шараларына да атсалысып тұрады. Биыл еліміздің батыс облыстары су тасқынынан зардап шеккен кезде көмек ретінде 200 мың тонна пияз жіберіпті.

Бұдан кейін Ақөзек ауылының маңайындағы алқапқа пияз бен жоңышқа еккен «Тайшыбаев» шаруа қожалығына атбасын бұрып, басшысы Еркін Қабыдололаұлымен диалогтастық. 10 гектар жерге «Банко 1 Ф» деген пияз сортын отырғызған. Ол биыл зиянкес жәндіктердің көп болғанын, соның салдарынан егістіктің біраз бөлігі зардап

шеккенін айтты. Оның сөзінше, өзімен көршілес пияз еккен кейбір дикандар зиянкестердің әлек салуынан егістік алқабын тастап кетуге мәжбүр болыпты. Зиянкестердің әуресіне су тапшылығы қосылып, бірсыпыра аумақтағы пиязы пісіп үлгермей қалған. Шаруа қожалығының иесі өнімді делдалдардың арзан бағамен алатынына көңілі толмайтынның білдірді. Осыдан оншақты жыл бұрын пияздың көтерме бағасы 45-50 теңге болған. Еркін бүгінгі күнге дейін сол бағаның өспей, екі ортада делдалдардың пайдаға кенеліп отырғанына қынжылыс білдірді.

Өзіміз жолыққан дикандар мен тұрғындардың барлығы пиязға сұраныстың болмау себебін Ресейдегі саяси жағдаймен байланыстырды. Бұрын Ресей ғана емес, оның аумағы арқылы Еуропа мен Балтық жағалауы елдері де Шеңгелдінің пиязын тұтынған. Былтырдан бері ол мемлекеттерге пияз тасымалданбайтын болған. Санкция салдарынан өнімін батыс елдеріне шығара алмаған Ресей мемлекеті ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, көкөніс пен дәнді дақылдарды Қазақстан мен Орта Азияға арзан бағамен саудалағаны белгілі.

Шеңгелділік шаруалардың өнімін сатып алушылардың азайып кетуінің тағы бір себебі – Жамбыл облысы дикандарының пиязды көптеп өсіруі болып отыр. Өңір тұрғындарының айтуынша, Жамбыл облысында пияздың бағасы төмен және оны өсіруге кететін шығын аз көрінеді. Жұмыс күші де арзан. Көпшілігі су үнемдеу

технологиясын қолданады. Бірақ Шеңгелді алқабында өскен пияз сапасының жоғары екеніне ешкім талас тудыра қоймас. Оны биыл қыста облысқа жұмыс сапарымен келген сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев те растаған. Әкімдікте өткен келелі жиында министр Алматы облысында өсетін пияз сапасының жоғары екенін айтып, Жамбыл облысының пияз өсіру бойынша мол өнім жинап отырғанын атап өтті. Сонымен бірге облыс басшысы мен сала мамандарын пияз егумен айналысуға ниетті жандардың Жамбыл облысының дикандарымен тәжірибе алмасуына ықпал жасауға шақырған еді.

Өңір тұрғындары және шаруашылық басшылары суаруға пайдаланатын судың қымбаттығын тілге тиек етті. Сондай-ақ тозығы жеткен сусорғы стансасының жұмысы көңіл көншітпейді. Ауылдық округ әкімі Мақсат Жазиев бұл мәселенің жуық арада шешілетінін айтты. Ол №5 сорғы стансасының суару жүйесін қайта жаңарту жұмысы жүргізіліп жатқанын, кешенді даму жоспары шеңберінде «Шенгелді алабының суару желілері мен №1,3,4,6 сорғы стансаларын қайта жаңарту» жобасы әзірленуде екенін жеткізді.

Шаруалардың былтыр жинаған пияздарын шірітіп алуына өздерін кінәлайтындар да бар. Олар бағаның көтерілуінен үмітті болып, арзанға сатқысы келмей, қоймаға сақтап қойған. Әрине, дикан қауымын да түсінуге болады. Ала жаздай маңдай терін төгіп өсірген пияздарын қымбатырақ сатып, пайда-

сын көргісі келгені үшін «пенделікке салынды» деп жазғыруға болмас. Бес теңге артық пайда тапқанды кім жек көрсін? Алайда «Үйдегі нарықты базардағы баға бұзады» дегендей, шаруалардың ойлағаны орындалмай қалды. «Сауда сақал сипағанша» деген. Ол – бірде олай, бірде бұлай болып тұратын құбылыс. Оған әкімді де, диканды да айыптаған жөн болмас.

«Сүтке аузы күйген айранды үрлеп ішеді» демекші, биыл пияз көлемін қысқартқан дикандарды тағы бір сынақ күтіп тұр. Ол – зиянкес жәндіктер. Көптеген шаруашылық зиянкестердің шабуылынан зардап шегіп, пияз алқабын тастап кеткен. Бұл да жығылғанға жұдырық болуда. Тағы бір қиындық – жұмыс күшінің жетіспеуі. Бұрынғы жылдардағыдай маусымдық жұмысшылар көп емес. Айтуларына, ауыл тұрғындарының бірқатары облыс орталығында ашылған кәсіпорындарға тұрақты жұмысқа кіріп алған. Сондықтан шаруашылықтар егін жинау науқанында Әлі ауылынан жұмысқа адам әкелуге мәжбүр болуда. Сондай-ақ «Алтын Орда» базарынан ұйымдастырылған тегін алаң да дикандар мәселесінің түйінін тарқата алмаған. Оның теңізге тамған тамшыдай ғана әсері болған. Дикан қауымның тілегі көрші Ресейдегі саяси жағдайдың реттеліп, Украина арасындағы әскери қақтығыстың жуықта аяқталуы болып отыр. Сонда ғана Еуропа және Балтық жағалауы елдеріне өнімдерін еркін экспорттай алмақ.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Ең алдымен суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек», – деген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біздің облыста да бірқатар шаралар қолға алынуда. Биыл облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев та аймақта тамшылатып суару жүйесінің кенжелеп қалғанын, әсіресе мұндай технология Шенгелді аумағына да керек екенін айтқан. Сондықтан шеңгелділік дикандар да су үнемдеу технологиясына көшкені жөн. Сол арқылы суды ғана емес, қаражатты да үнемдей алады.

«Әр қиындықтың артында жақсылығы болады» дегендей, пиязымен танымал болған Шенгелді өңірі дикандарының еңбегі ақталып, пайдаға кенелетін күні туар. Шаруалардың төккен тері ақталып, жұмысының нәтижесін көретін күні олай емес деп ойлаймыз.



Суреттерді түсірген – Асман ҚАЖЕКЕ

Шеңгелді ауылы

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Өлемдік тарих тұрғысынан қарағанда, әр халықтың, соның ішінде қазақ елінің жөне олар құрған мемлекеттің алар орны ерекше. Қасиетті Отанның бір сүйем жері үшін жанын пида етуден тайынбаған тұлғаларымыздың күрескерлік жолы, ерен ерліктері – жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сұңғыла саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің, жалынды да жігерлі жастардың патриоттық сезімі ғасырлардан жалғасып келе жатқан батыр бабалардың тектілік қасиетінен бастау алатынын атап айту парыз. Туған жерін жан-тәнімен сүюді басты мұратына балаған еңбексүйгіш, ұлт руханиятына жанашыр, мейірімді, білім мен ғылымды жоғары деңгейде меңгерген, ата-ана тәлімі тұла бойына дарыған осы елдің негізгі түп иесі, алтын қазығы болар бақуатты ұрпақтың барына құдайға шүкір дейміз.

Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті. Өткенімізді дұрыс бағаламай, болашақтың қадірін біле алмаймыз. Еуразияның кең байтақ кіндігінде ұлан-ғайыр атырапты, Алтай мен Атырауға дейінгі аймақты қамтып жатқан қазақтың ұлттық ғылыми, мәдени, тілдік, генетикалық тарихи тұптамасы, танымы, түсінігі тереңдігімен құнды.

Ата-тарихымыздың XV ғасырында, дәлірегі орта тұсынан ауа бастағанда Қазақ хандығының құрылғанына да келер жылы 560 жыл толмақ. Алты ғасырға жуық уақытта қым-қиғаш оқиғалардың, «тар жол, тайғақ кешулердің» болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Ақиқатын айтқанда, еңселі елдігіміздің өзегі – ғасырлар бойы қалыптасқан ғұндар заманын, көк түріктер дәуірі мен Алтын Орданы еске түсіргеніміз артық бола қоймас. Бұл кешегі өткен тарихымыз болғанымен, бүгінгіміз және келешегіміз үшін сабақ алар тарихи оқиғалар тізбесі.

Халқымыздың өзара дербес ел болып қалыптасуының алғашқы кезеңі қыпшақтар заманына тұспа-тұс келеді. Алайда моңғолдардың жойқын шапқыншылық жасау әрекетінен соң біршама тоқырағаны рас. Моңғолдар жаулап алғаннан кейін еліміздің казіргі аумағында пайда бола бастаған мемлекеттер – Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының және Ноғай ордасының құрылуы қазақ мемлекеттілігінің орнауына бірінғай нгіз болды. Қазақ елінің ұлт болып ұйысқан кезі XV ғасырдың екінші жартыжылдығы мен XVI ғасырдың басында айқындалды. Қазақ хандығы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі – Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде көрсетілгені тарихшы, ынталы оқырман қауымға жақсы таныс. Сонымен қатар Хиуа ханы болған ғалым-тарихшы Әбілғазының еңбектері де құндылығымен ерекше көзге түседі. «Түрікмен шежіресі» және «Түрік шежіресі» атты еңбектері шежірелік сипатта түркі дәуірінен бастап тарихи аласапыран оқиғаларды, сол заманда ел басқарған хандардың жүргізген саясаттары жөнінде жазған жылынамалар жинағында көп деректер келтірілген.

Отырар аймағы, Түркістан төңірегінде дүниеге келген қазақ тарихшысы, айтулы ғалым Қадырғали Жалайыри өзінің «Жылнамалар жинағы» еңбегінде Қазақ хандығы, оның би-сұлтандары жөнінде жазып қалдырған мол мәліметтері елге кеңінен таралған. Қазақтан шыққан тұңғыш антрополог-ғалым Оразак Смағұловтың еңбегі көп мәселенің тиегін ағытады. Ғалым қазақ халқының тарихы әріден басталатынын ғылыми дәлелдермен нақтылаған. Кезінде ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Оразак Смағұловтың антропологиялық ғылыми-зерттеу еңбектері қудалауға түсіп, қуғын-сүргін көрсе де, ұлтына еткен адал қызметін, ғылымға сіңірген ғаламат өміршен істері ешқашан ұмытылмайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы еліміздің Президенті болып сайланған күннің ертеңінде Отырардағы Арыстанбаб пен Түркістандағы Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне арнайы барып, дұға еткені есте. Бұрынғы басшыларымыздың жолы да, алғашқы сапарлары да осылай басталған. Президент Түркістан облысының тұрғындарымен кездескенде: «Біз үш қағидатты ұстанамыз. Ол – әділдік, сабақтастық және өрлеу», – деген еді. Мемлекет басшысы кез келген жағдайда адамдардың еңбегі адал бағаланып, зан мен тәртіп үстемдік құрмаса, ондай мемлекеттің болашағы бұлыңғыр

болатынын үнемі тілге тиек етіп келеді. Биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Біз берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды

Халқымыздың ардақты азаматы, ойы ұшқыр жазушы Сафуан Шәймерденовтің тауып айтқан осы бір пайымды пікірін есте естен шығаруға болмайды деп ойлаймыз.

Бүкіл әлемде ұлт пен ұлыстардың ең көп шоғырланған жері де біздің еңселі егеменді елімізде. Бірлігі жарасқан, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан 130-дан астам этнос өкілдері қазақ елінің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін шамасына қарай қосып жатқаны – Отанымыздағы

Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстар 1916 жылы қарқын ала бастады. 1917 жылы 27 ақпанда буржуазиялық-демократиялық Ақпан және Қазан төңкерісінің болуымен патша үкіметі құрдымға кеткені, уақытша үкіметтің құрылғаны, сайып келгенде бұл оқиғалардың халқымызға тигізген әсері болмай қалған жоқ. Оның соңы 1917 жылы қазанда, 1918 жылы наурызда Қазақстанда Кеңес үкіметінің

Комиссарлар Кеңесі) 1938-1951 жылдары басқарған халқымыздың сүйікті ұлы, лингвист ғалым Нұртас Ондасыновтың еңбегі зор. Қайраткер ағамыздың шәкірттерінің бірі, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметін атқарған тұста БҰҰ-дағы биік мінберден тұңғыш баяндама жасаған жасампаз тарихи тұлға, психология және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Төлеген Тәжібаевтың (балалар үйінде тәрбиеленген, шыңыраудан шыңға шыққан азамат) егеменді ел болуға сіңірген ерен еңбегін бүгінгі ұрпаққа ұлықтап, дәріптесе орынсыз деп ешкім де айта қоймас. Ал казіргі таңда бірнеше шет тілін жетік білетін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың БҰҰ мінберінен әлемдік дәрежедегі өзекті тақырыптар жөнінде баяндама жасап, сөз сөйлегені еліміз үшін үлкен абырой. Бұл ең әуелі баянды Тәуелсіздігіміздің, біртұтас дана халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің арқасы.

Қазақ поэзиясының «күлагері» атанған ақын, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің «Өз елін, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деген ғажап сөзі бар. Халқымыздың ішінде ғылымнан, өнерден, спорттан, тағы басқа салалардан халықаралық дәрежеге көтерілген азаматтарымыз аз емес. Ел мерейін үстем еткен жандарды әркез құрмет тұтсақ, берекелі ісіміз оңға басып, еліміздің ынтымағы артатыны анық.

Халықаралық стандарттарға сай келетін қарым-қатынастың көзі, сауда-саттық құралы – төл теңгеміз 1993 жылы 15 қарашада айналымға түсті. Егемендіктің арқасында Елордада әрбір үш жыл сайын Әлемдік және дүстүрлі діндер съезінің өтуі де – тұрақтылықтың белгісі, егемендіктің жемісі. Айта кетерлік тарихи бір сәт, 1990 жылы 25 қазанда Республика Жоғары Кеңесі «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылдағанда еліміздің алғашқы әрі соңғы вице-президенті Ерік Асанбаевтың тарихи құжатқа қол қоюымен бекітілгені архив құжаттары растайды. Сол күн Республика күні болып бекітілген. Алайда, 2009 жылдан бастап мемлекеттік мерекелер тізімінен шығып қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2022 жылдан 25 қазан Ұлттық мереке – «Республика күні» болып жарияланды. Жаратқан Құдай біздерді ауызбіршілігімізден, баянды Тәуелсіздігімізден айырмасын десек, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауқымды жұмыс жасауымыз керек. Тәуелсіздіктің айрықша белгісі – халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, көрші мемлекеттермен өзара келісілген шекара мәселесі арнаулы құжаттармен айқындалып, шекараға қатысты барлық іс-қағазымыз БҰҰ-да мақұлданып, бекітілген. Шекарамызды бекітуіміз – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында атқарылған айтулы іс болды. Жер көлемі бойынша тоғызыншы орындағы елімізбен шектесетін көршілес мемлекеттер – Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Түркіменстанмен жақсы қарым-қатынастамыз.

«Көп болып жұлдыз ай болмас, пейілі тар кісі бай болмас» – дейді кемеңгер халқымыз. Тәуелсіздіктің елең-алаңында еліміздің аяғынан тік тұруына, рухани, әлеуметтік, саяси, экономикалық, ғылыми, мәдени және халықаралық дәрежеде өсіп, өркендеуіне еңбегі сіңген ұлт қайраткерлерінің, тұғырлы тұлғалардың есімдері ел жадында. Елге қызмет еткен еңбектері өлшеусіз. Ұлылыққа – жылылық, кемшілікке – кеңшілік іздеген халықпыз. Өлемнің қай түкпірінде болса да қазақтың ғылыми мен төл өнерін, ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің өскенін, іргелі ел екенін танытуға бейімді, білімді жастар өсіп, жетіліп келе жатқаны – барлығымыздың көзқуанышымыз. Елім, жерім, Отаным деген есіл ерлердің ең басты асқақ арман-мұраты да елінің егемендігі, азат ербестігі, тәуелсіз ел болу жолындағы дерліктері бүгінгі буын үзбей дамытып, кең көлемде жалғастырып отырғаны ауызбіршілігіміздің арқасында екені анық. Оған ешбір күмән жоқ. Ұлт көсемі – Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзі әлі де өз күшінде. Дана халқымызда «Ігілік басы – ынтымақ» деген қанатты сөз бар. Ел ынтымағы мен бірлігінің артуына ұйытқы болатын кемеңгер тұлғаларымыздың тұғыры биіктей берсін. Жаһандану заманында озық ойлы өркениетті елге айналайық!

Абдрахман ТӘУЕКЕЛҰЛЫ,
Ғани СМАХАНҰЛЫ



ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫН ТҰЛҒАЛАР ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады», – деген сөзі ұлтымызды ұйыстырудың негізгі тетігінің бірі.

IX-XI ғасырларда өркендеген Оғыз мемлекеті заманында біздің бабаларымыз қазақтың өзіндей болған көзі, ажырамас мүлкі – киіз үйді ойлап тапқаны, тұрмыс-тіршілігінде негізгі рөл атқаратын баспананы жасап шығарғаны көп нәрседен хабар береді. Киіз үйдің керегесі, уығы, шаңырағы, түндігі, тағы басқа бөлшектері тұнып тұрған ғылым, өнер, тарих деп айтсақ, шындықтан алшақ кете қоймаймыз. Тарихымызға зер салсақ, кейбір деректерде Түркістан облысына қарайтын Отырар ауданының аумағында орналасқан көлемі өте үлкен, Қызылорда облысымен шектесетін, әйгілі сексеуілі мен жусаны қатар өскен, мал-жанға құтты өңір Қызылқұмда орналасқан, кешенді ғылыми зерттеулерді қажет ететін үлкен жер атауы бар. Осындағы жергілікті жұрт әлі күнге дейін бұл ойпаң жерді «Оғыздың сайы» деп атайды. Бұл туралы санасы ояу, көзіқарақты, дария мүсін абыз-қариялардың шындыққа жанасатын әсерлі әңгімелері әлі есімізде. Өз заманының заңғарлары Біләл Бсаулы, Жарықасын Нұсқабайұлы, Нұртаза Уәйсұлының құймақұлақ бабалары айтқан аңыз ақиқатқа саяды, оны кәсіби тарихшылар да мақұлдайды деп ойлаймыз. Көп жағдайда ел бірлігі жайында айтылатын «Оғызнама» – тарихи шығарма. Шығарманың басты идеясы – халықты ауызбіршілікке, ерлікке, адамзаттың ең асыл қасиеті – адамгершілікке үндейді. «Оғыздың сайы» деген атау ежелден халық атаған жерге байланысты шығуы әбден мүмкін деген ойдамыз. Себебі, IX-XI ғасырларда Сырдарияның орта ағысы тұсында Оғыз қағанаты билік құрды.

Орынсыз, үдеттіре жабылған айып шындыққа төтеп бере алмайды. Қазақ жеріне әртүрлі жағдайлармен келген ұлттар арасында тыныштық болғаны, әрине, жақсы әрі қажет. Әйтсе де, сол тыныштығымыз үшін қазақ ұлтының нанысын, әділдігін құрбан етуге бола ма? Бұл күнде сол тыныштық үшін қазақ халқының 300 жыл бодандықтан кейін алған азаттығын да көре алмайтындар жоқ емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін Халық жазушысы Сафуан Шәймерденовтің жазған жасампаз ойынан үзінді келтіргеніміз артық болмас. «Тыныштық барда – Тәуелсіздік бөлек. Бұл екі құбылыстың бір-біріне қайшы келетін кездері көп. «Тыныштық, тыныштық» деп жүріп тәуелсіздігімізден, дербестігімізден айырылып қалсақ, онда кім болғанымыз? Менің ұғымымша, жеме-жемге келгенде азаматтығымыз үшін тыныштығымызды құрбан етуге болады. Дүниенің, тарихтың пайым-үлгісі сондай. Ал тыныштығымыздың етуге үшін Тәуелсіздігімізді құрбан етуге болмайды». (№169 «Халық кеңесі» газеті, 1994 жыл, 9 қараша).

тұрақтылықтың жарқын көрінісі. Оның бір айғағы – Қазақстан халқы Ассамблеясы.

Халқымыздың бірлігіне, ынтымағының артуына бірегей еңбек сіңірген, тарихта есімдері жазылған ардақты тұлғаларымыз аз емес. Солардың бірі – 1943 жылы «Ер қазақ» деп аталатын Өнұранның музыкасын, «Біржан – Сара» операсын өмірге әкелген қазақтың атақты композиторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Мұқан Төлебаев, ал мәтінін абайтанушы ғалым, жылдар бойы саналы өмірін айдауда, жазықсыз жапа шегіп, түрмеде сарп еткен біртуар қайраткер Қайым Мұқамедханов жазған. Отанымызда өмір сүріп жатқан әрбір азамат жарты ғасырдай ұлт рухын көтеретін осы бір ғажайып әнді шырқағаны әлі күнге дейін ел жадында. Ақжарқын ағалардың сара жолын жалғастырушы, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық әртісі, сан қырлы сазгер, көптеген лирикалық әндердің авторы, қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқовтың әні қалың елдің көңілінен шығып, жүрегінен орын алуы кездейсоқ емес. Бұл өлеңнің мәтінін жазған естен кетпес ерек есім, жалынды, сыршыл ақын Жұмекен Нәжімеденов болатын. Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы: «Аязынан арқар ауған Арқаның, арқасынан Алаш ауа көрмесін» деп тебіренгені тегін емес. Оны тұңғыш шырқаған бұлбұл әнші Жамал Омарова апайымыз еді. Биыл Ақордада жас та болса еліміздің мақтанышы, ұлттық өнерімізді әлемге паш еткен айрықша талант иесі, Халық әртісі Динарш Құдайбергелінің мемлекеттік Өнұранымыз – «Менің Қазақстаным» әнін қайталанбас ғажайып дауысымен орындауындағы нұсқасы халықты тәнті етіп, баршамызды қуантты. Дәуірлер алмасасы, ұрпақтар сабақтастығы мен бірлігі жалғасады, тектілік арналары үндеседі деген осы шығар. «Жер – елсіз болмайды, ел – ерсіз болмайды» дейді дана халқымыз. Ер дегеніміз – халықтың тірегі, қамқоры, қорғаны. Тар заманды басынан кешкен қазақ халқының талапты, талантты перзенттерінің айтулы еңбектерін саналы ұрпақ есінен шығармай сабақ алып жүрсе – қуанарлық іс, құптарлық қадам.

Қазақ хандығының ғұмыры XVIII ғасырға дейін үзілмей жетті. Ежелгі сақ-үйсіндердің, Түрік қағанатының жалғасқан мұрагері – Қазақ хандығы. Біз күні кеше өздігінен пайда бола қалған халық еместің. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында, «Елім-ай» деп бастан өткерген қилы кезеңдерде ата-баба жолынан ешқашан жаңылмай, ұйысқан біртұтас ынтымағымыз бен ауызбіршілігіміздің арқасында қиын-қыстау өткелдерден аман-сау өтіп, айбынды ұлтқа айналдық. Қатпар-қатпар шежірелі тарихымыз – елдігімізді бастауы. Құдайға шүкіршілік жасауымыз керек, ассимиляцияға ұшырамай, революциялық төңкеріс жағдайларына әулетке тап келсек те, егеменді еліміз эволюциялық жолмен қарқынды дамуда.

орнауымен аяқталды. Осы жылдар аралығында Алаш автономиясы құрылды. 1917 жылы 5-13 желтоқсан айында алғашқы астанамыз Орынбор қаласында екінші жалпықазақ құрылтайының өз деңгейінде өткені белгілі. Оған барлық облыстан, алыс-жақын аймақтардан бірнеше өкілдер арнайы қатысты. Негізгі мәселе – Ұлттық автономия құру болды. Бұл құрылтайда Алашорданың уақытша тұрағы – Семей қаласы деп белгіленді. Алаш автономиясы үкіметінің, яғни Алашорданың төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды. Құрылтайда ең алғашқы көтерілген өткір де өзекті мәселе – ұлтымыздың үні, тірегі – қазақ тілін оқытып, дамыту тақырыптары сол кезден бастап-ақ күн тәртібіне қойылды.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы табалдырығы 1990 жылы 25 қазанда Жоғары Кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы» декларация қабылдағаны еліміздің есіне мәңгі сақталады. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін 1991 жылдың 16 желтоқсанында жариялады. Сол кездегі халық депутаты Сұлтан Сартаевтың Жоғары кеңесте жасаған баяндамасы ел есіне өшпестей өнеге болып қалды. Тәуелсіз мемлекет атанғанымызды алғаш рет мойындаған бауырлас ел – Түркия Республикасы болды. Екі-үш аптаның ішінде Қазақстанның егеменді ел болғанын 18 мемлекет танығанына тарих куә. 1992 жылдың наурыз айында Біріккен Ұлттар Ұйымына толыққанды мүше болып қабылдандық. Көк туымыздың желбіреп тұрғанына биыл 32 жыл толды.

«Бір кісі із салады, ол мың кісіге жол болады» демекші, Кеңес үкіметі тұсында біздің көптеген саяси қайраткерлеріміз еліміздің қарқынды дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қазір де еселеп, бай тәжірибелерімен бөлісіп, халқына қалтқысыз қызмет етіп жүрген жақсыларымыз аз емес. Заманында өз тұрғыластарынан озық туған қазақтың тұңғыш кәсіби дипломаты, аудармашы, сыншы, публицист Нәзір Төрешұлов ана тілінен бөлек шет елдің 9 тілін меңгеріп, еркін сөйлеген. Саясаткер өз мақалаларында Тәуелсіздікке жету үшін ең алдымен елдің білімді болуымен қатар ана тілін жетік білу керектігін айтады. Сонда байқасаңыз, атамекеңінен жырақта жүріп, КСРО-ның Сауд Арабиясындағы Төтенше және өкілетті Елшісі қызметін абыроймен атқарған Нәзір Төрешұловтың ұлтты ұйыстырудың негізгі жолы – әуелі тілі, білімі, ғылымы, өнері, мәдениеті өркендесе, ұлттың рухани жағынан кемелденетінін, экономиканың қарқын алатынын кесіп айтқан кемеңгерлігі бүгінгі жас ұрпаққа жұғысты болса, ұтарымыз аз болмас.

Еліміздің 40 жылдай басқарып, экономикалық саяси және әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты өсуіне өшпес із қалдырған заңғар тұлға, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, академик Дінмұхамед Қонаевтың өзі ұстаз тұтқан, айрықша қадірлеген, Қазақ үкіметін (Халық

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Жамбыл ауданы Мәтібұлақ ауылының құрылғанына 70 жыл толуына орай ұлан-асыр той болды. Орталық көшеге жиналған халықтың қарасы қалың. Өйткені тұрғындардан бөлек, ауылдан түлеп ұшқандар туған жерге жан-жақтан сағына келіп, бір-бірімен шұрқыраса кездесіп жатты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ең бастысы – ауылдың мерейтойында үлгі-өнеге боларлық игілікті істердің атқарылғаны. Ортақ қуанышқа мәтібұлақтықтар біркісідей атсалысып, береке-бірлігі мен ынтымақты тірлігін таныта білді. Елдімекен орталығында ардагерлер саябағы салынды. Бұл – осында еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосқан көрнекті тұлғаларын ұрпақтар есінде мәңгі қалдыру мақсатындағы жарқын іс.

Саябақтың салтанатты ашылуына жиналғандар назарына алдымен ауыл тарихынан сыр шертіліп, елдімекеннің өсіп-өркендеуіне еселі еңбегімен үлес қосқан азаматтар құрметпен еске алынды. Әр салада жоғары жетістіктерге жеткен тұлғалар да мақтанышпен аталды. Саябақ төрінде ауыл ардақтыларының есімдері тасқа қашап жазылған ескерткіш-тақтаның лентасы құйлып, ауыл ақсақалы Ержігіт Жақыпбаев көпшілікке бата берді. Аудан әкімі Нұрлан Ертас құттықтау сөзін арнады:

– Туған жер – әркімнің де жүрегінің төрінен орын алатын қастерлі мекен. Ол – адами қарым-қатынас пен береке-бірліктің тағылымды ордасы, ұлттық тәлім-тәрбиенің басты бұлағы. Бүгін біз тарихи күнде бас қосып отырмыз. Бұл той – бірліктің тойы. Мәтібұлақ ауылының мерейлі 70 жылдығына байланысты игілікті істің атқарылғаны қуантады. Ауыл – қазақтың жүрегі, елдіктің тамыры, ұлттық рухтың мәңгілік бесігі. Мәтібұлақ – жері шұрайлы, төрт түлік малға аса қолайлы берекелі өңір. Есімі кең даланың төрт қиырына танылған Байторыұлы Кебекбай шешен, әсем әуенімен қазақ даласын тербеткен көр-

МӘТІБҰЛАҚ ӘН МЕН ЖЫРҒА БӨЛЕНДІ



некті композитор, әнші Кенен Әзірбаев сынды ардақтылардың кіндік қаны тамған қасиетті мекен. Табиғаты қандай ғажап болса, осыннан түлеп ұшып, туған жеріне, Отанына қызмет етіп жүрген азаматтары да соған сай. Туған жердің әр түлегі қайда, қандай қызметте жүрсе де алтын бесігін бір сәтке естен шығармай, оған мәңгілік қарыздармын деп есептейтіні сөзсіз. Өйткені адамзат бойындағы дарын, қабілет, тектілік сынды қасиеттер ана сүті, әке қаны, туған жер топырағынан дариды, – деді.

Расымен, осы ауылдан шыққан азаматтар арасында елге танылғандар аз емес. Қой шаруашылығын дамытқан Еңбек ерлері Жолдасбек Сәдуақасов пен Дәдеш Әмірқұлов, генерал-майор Қуаныш Қисықов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Токтархан Айдарбаева, жас ғалым Әсет Қайдарбай, Ерлан Ақапов,

Алмабек Айдауов сияқты перзенттері ауылдастары мақтан тұтады. Мәтібұлақтан батыр да, ақын да, ғалым да шыққан. Бүгінде ұландары спорттың биігін бағындырып, әлемдік додалардан көрінді.

Аудан басшысы 70 жылдық белес өткен тарихымыздың, мәдениетіміз бен дәстүріміздің сақталуы мен дамуын айғақтайтынын атап өтті. Бұл той өткенді еске алу ғана емес, сонымен бірге болашаққа нық қадам жасау екенін, биыл ауылда маңызды өзгерістер болып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, осындағы 200 орындық Мәдениет үйінің құрылысы аяқталып, алдағы уақытта пайдалануға беріледі. Бұл – балалардың мәдени-шығармашылық дамуына жасалған үлкен мүмкіндік. Денсаулық сақтау сапасын арттыру мақсатында фельдшерлік-акушерлік пункт күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр. Осылайша ауыл гүлдене бермек. Жер шалғайлы-

ғына қарамастан табиғи газ құбырын жеткізу мәселесі шешілгелі жатыр. Сәтін салса, Таңбалытас, Шилібастау ауылдарымен бірге Мәтібұлаққа да көгілдір отын келмекші. Бұл да тұрғындар тұрмысын жақсартып, ауыл әлеуетін арттыруға септігін тигізеді анық. Жол жөндеу келесі жылдың жоспарында тұр. Басқа да жоба-жоспарлар жоқ емес.

Аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы Мәтібұлақ ауылының дамуына үлес қосып, қоғамдық өмірге белсенді араласқаны үшін Кемелбай Рахметовке ауданның Құрметті азаматы атағын тапсырып, бір-қатар тұрғынды Құрмет грамоталармен, Алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты шарада асылдың тұяғы Бақытжан Кененұлы, кезінде осындағы шаруашылықта қызмет істеген еңбек ардагері Анарбек Нұрланғазиев ел мен жердің қасиетінен сыр тарқатып, келешек ұрпақ үшін атқарылатын шара-

лардың маңызына тоқталды. Мәтібұлақ ауылдық округінің әкімі Темірхан Мүкеевтің жанынан табылып, ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген Мұрат Сәпиев, Қайрат Қыздарбеков, Ерік Еркінбайұлы, Әмірғазы Базарқұлов, Мейірбек Сыбанқұлов сияқты азаматтарға көпшілік алғыс айтты.

Мәтібұлақтықтар той тойлап қана қоймай, жас ұрпақ үшін игілікті іс атқарумен қатар қайырымдылықты да тасада қалдырмады. Ауызбіршіліктің арқасында араларындағы мұқтаж жандарға демеу болып, қолдап жіберуді жөн санапты. Салтанатты сәтті пайдаланып, ауыл тұрғындары атынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасын қуантты. Алты баланың анасы Әсел Мақсұтоваға үйдің кілті тапсырылды. Сондай-ақ іскер азаматтар ауыл мектебіне жолаушы тасымалдайтын «ГАЗель» автокөлігін сыйлады.

Мерекелік шара Мәдениет үйінің алдындағы алаңда мерейтойға арналған гала-концертпен жалғасып, Елге танымал өнер жұлдыздары мен эстрада шеберлері шалғайдағы ауылды ән мен жырға бөледі. Арнайы тігілген киіз үйлерде ас таратылғаннан кейін, түс қайта ауыл сыртында бәйге ұйымдастырылды. Құнан жарыс пен аламанға тігілген жұлде қоры қомақты. Құнаннан бірінші келгенге кілем жабылған түйе берілсе, аламанның алды «Лада Гранта» автокөлігі, одан кейінгілері жылқы, мотоцикл, тай, тана және ақшалай сыйлықтар алды. Құнан жарысынан да, аламаннан да бірінші болып Дегерес ауылынан Талғат Атамқұловтың қос жүйрігі келді. 47 тұлпар 30 шақырымға тізгін босатқан аламанда екінші орынды Отар ауылынан Серікхан Тілегеннің аты жеңіп алды. Жарыс жолында көсілген 22 құнанның ішінен Байбатырөвтер әулетінің аты екінші орынды ұтты. Сөреден үшінші болып Шиен ауылынан Ернар Шортанбаевтың «Нұртөбел» атты сәйгүлігі өтіп, мотоцикл иеленді.

Осылайша бір ғана ауыл тойының аясында мәдени, спорттық, қайырымдылық шаралар іске асырылды. Қазір Мәтібұлақтың 2 мыңға жуық тұрғыны бар, округ орталығы – осында. Ауылдық округтің құрамына 8 ауыл кіреді. Олар: Мәтібұлақ, Таңбалытас, Еспе, Шилібастау, Жайлау, Жартақ, Қызылтаң, Қарабастау елдімекендері. Осы 8 ауылдағы жалпы халық саны 4 мыңнан асады.

Жамбыл ауданы

ЖАҢА КІТАП

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

«Атамекен» баспасынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық және республикалық конкурстардың жүлдегері, ақын Шаяхмет Оразымбекұлының авторлығымен «Орындалған парыз» атты жаңа кітап жарық көрді. Бұл кітап Алматы облысының, оның ішінде Қарасай ауданының да өл-ауқатын көтеру мақсатында өмірінің ұзақ жылдарын еңбек майданында өткізіп, еліміздің ауыл шаруашылығын дамытуға күш-жігерін сарқа жұмсап, адамдық қасиетін жоғары қойып, қандай сөттерде болмасын, адалдығынан танбай, облыс әкімінің кеңесшісі лауазымына дейін қызмет атқарған білікті маман, тұлғалы азамат Насариден Түсіповтің өмір жолына арналған.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ



Ол кісімен бірге қызмет атқарған, дәм-тұзdas болған, бүгінде көзі тірі азаматтар жоқ емес. Солардың және жақсы адамдардың өмір жолы қызықтыратын көзіқаракты оқырмандар назарына аталған кітаптың алғашқы беттерінен үзінді келтіре кетуді жөн көрдік. Жарық дүние жаралғалы бері теңіз толқындарының бірінен соң бірі лықсып келіп жағадарға жартасқа соғылып, ғайып боп кетіп жататыны секілді, адамдар да өмірге келеді, кетеді. Артына ұрпақ қалдырып, қаншама игі істер тындырса да, жұмырбасты пенделердің көбісі жарық дүниедегі дәмі таусылып, бақилық болған соң көп ұзамай-ақ есімі ұмытылып, мұхитқа тамған тамшыдай із-түзсіз ғайыптың құшағына жұтылып кете баратыны да анық. Ал жарық дүниеге келіп, жасы саналы шаққа жеткен кезден бастап алдына асқақ арманды мақсат қойып, елі үшін еңбек ете жүріп, үнемі өткенін сараптап, өмірінің әр кезеңін қорытындылап, айналасында болып жатқан жақсылы, жаманды құбылыстарды жадында зерделеп, бойына жинаған, барлық ізгі қасиеттерді кейінгіге өнеге етіп қалдырған адамдардың есімі де өшпей, халқымен, ұрпағымен бірге жасай береді.

Біз сөз еткелі отырған Насариден Түсіпов те айшықты ізі қалған жандардың бірі десек, әсіресе мадақтағанмыз емес. Қайта жақсының жақсылығын айтып, кезінде жасаған ізгі істерін кейінгі ұрпақтың санасына жеткізіп, оның ұмытылмастай алып бейнесін тұлғалауды мақсат тұтқанымыздан деп ұғынсақтар. Еңдеше онымен таныса без күндік жарық дүниеде дәмдес-тұзdas болған, өмір жолында бірге адымдасқан жандар және оның

есімімен осы кітап арқылы алғаш рет танысқалы отырған қалың оқырман қауым осыдан екі-үш жыл бұрын өмірден өткен, тамырын тереңге жайған үлкен бір әулеттің саялы алып бәйтерегі, елінің аяулы азаматы Насариден Түсіповтің өнегелі өмірі сіздерге де жақсы әсерін қалдырып, бойларыңызға түйірдей болса да мейірім мен ізгілік, адамгершілік пен имандылық тәрізді асыл қасиеттердің дөңегін себер деген үміттеміз. Сондай-ақ бұл кітапты тек өмірбаяндық естелік деп қана емес, еліміздің соңғы жиырма бес, отыз жылдай бұрынғы басып өткен жолынан да хабар беретін әдеби-деректі туынды ретінде қабылдауларыңызды қалар едік.

Насариден Абдырайымұлы 1949 жылы Қарағанды облысы Ульянов ауданында (қазіргі Бұхар жырау) туған. Бұл Отан соғысынан кейінгі ауыртпалыққа толы кезең еді. Бес жыл бойғы қасірет тек майдандағы жауынгерлерге ғана емес, тылдағы тұрғындар өміріне де зор ауыртпалық алып келді. Соғыстан есенгіреген халық енді ғана есін жиып, бейбіт өмір тірлігіне кірісе бастаған. Тұралап қалған шаруашылық, ер азаматтарының көбінен айырылып, өрісі өркендемей қалған ауылдар. Әлі де жұмыс қолы жетіспейтін ауыр жұмыстар мен күнделікті күйбен тірліктің бәрі де әйелдер мен буыны қатып үлгірмеген жастардың мойнында еді. Ауылдағы қыруар шаруаларға жұмыс қолы жетіспей жататын. Мұндайда оны кетіріп қабырғасында жүрген Насариден мен әлі мектеп тастағандар да қарап жатпайтын. Үлкендермен қоян-қолтық араласа жүріп, еңбек майданының көрігін қыздыратын.

Бір жазда ұжымшар малына қысқы жем-шөбін даярлау науқанында пішеншілерге қолқабыс тигізіп, еңбекқорлығымен ерекше көзге түскен. Сол үшін Насариденге ұжымшар басшылары атынан көпшілік алдында арнайы марапат тапсырылып, оның бала жүрегі мақтаныш сезімі билеп, жас жігерін қайрай түскен еді. Осылайша ол жастайынан еңбекке араласып, адам баласын аздыратын еріншектік пен оңай жолмен пайда табу сияқты жамандық атаулыдан бойын аулақ ұстаған.

Мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ өжеттігі байқалған балғын жас өзінің алдағы өмір жолын дұрыс таңдай біліпті.

*«Мектебің, міне, класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тардай болып кіресің,
Таудай болып шығасың»*, – деп ақиық ақын

Мұқағали жырлағандай, Насариден де сонау 1969 жылы Талғар қаласындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітіріп, таудай азамат болып, өзі бұрыннан армандап жүрген мамандығы бойынша таңдауын жасап, сол кездегі Алматы ауылшаруашылық институтына құжаттарын тапсырды.

Мектепте алған білімі өз нәтижесін берді. Емтихан тапсырған барлық төрт пәннің сынынан сүрінбей өтіп, тек конкурс деген сүзбеден өтпей қалды. Емтихан тапсырған пәннен алған бағалары жаман емес, ендеше неге конкурстан өтпей қалдым деген күмәнді сұрақ оның жанына маза бермей, тағы да сол өзінің бойына біткен өжеттігіне салып, деканның қабылдауына кірді. Арықтау келген көзілдірікті қарасұр жүзді егделеу жастағы декан Насариденге сұяқтау көз тастады да қойған сұрағына:

– Жарқын-ау, комиссия осылай шешсе, мен не істемекпін? Комиссия абитуриенттің емтиханда алған бағаларымен қоса еңбек өтіліне да баса назар аударады. Сондықтан әуелгі кезекте ауылшаруашылық саласында жұмыс істеп келген жастарға жеңілдік беріледі. Әлі жасың ғой, келесі жылы да келіп бағыңды сынарысың, – деп салқын қабақпен шығарып салды.

Тысқа көңілсіздеу шыққан Насариден Талғарға тартып, үйге келіп бар жайдың шындығын баяндағанда нағашы ағасы Фарид сәл ойланып отырды да: – Насариден, күйреп кеткен ештеңе жоқ, жасыма! Өмірің әлі алда, түссерің оқуына. Ең бастысы, жаның аман болсын! – деп жұбатып, оның жігерін қайрады.

Шынында да күйреп кеткен ештеңе жоқ екен-ау, алға басудың басқа да мүмкіндігі бар емес пе деген үмітті ойлармен бойы серпілген Насариден ойлана келе Талғардағы ауылшаруашылық техникумына құжаттарын тапсырды да, емтихандардың бәрін сүрінбей өтіп, өзі қалаған мамандығына көл жеткізіп, білім жолына түсті. Студент атанып, көңілі шалқыған Насариденге сәтті қадам болып басталған сол кезең оның өмірінің жарқын бір беттеріндегі есте қалды. Бұл оның ары қарайғы жолына шамшырақ болды. Оған Насариден Абдырайымұлының өнегелі өмір жолы куә.

ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ

Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата-бабадан мирас болып келе жатқан рухани қазына. Онда ұлттық болжамымыз көркем сөзбен кестеленген. Өткеннің өнегесі қасиетті тіліміз арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткен.

Бесіктен басталады



Қазақ тілі – түркі тілдес халықтардың ішіндегі сөздік қоры жағынан өте бай тіл. Кезінде түркітанушы ғалым В.Радлов: «Әлем тілдерінің ішінде мен үш тілді ұлы деп білемін. Ол – орыс, француз, қазақ тілдері», – деп баға берген. Ал шығыстанушы С.Малов: «Түркі халықтары ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен де, бай ауыз әдебиетімен де даңқты», – деп тамсанған екен.

Ана тіліміз баға жетпес мұра екенін ешқашан ұмытпағанымыз абзал. Сондықтан әр адам оны көзінің қарашығындай қорғауға, тазалығын сақтауға міндетті деп білемін. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда өз тілінен жерініп, өзге тілде сөйлеуді сөн көретіндер аз емес. Осындайда «Тілін білмеген, түбін білмейді» деген тәмсіл еріксіз ойға оралады. Өлемдегі ең жақсы адам – өз ана тілін қадірлеп, құрмет тұтқан жан.

Тәрбиенің ең үлкен бастамасы – бесік жыры, ертегі мен аңыздарды тыңдап өскен бала тілдің қадір-қасиетін бойына сіңіреді. Отаншылдық рухта тәрбиеленген ұрпақтың болашағы жарқын болады. Тілге құрмет – елге құрмет! Осы қағиданы ешқашан естен шығармайық.

Дариға ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Алматы облысы «ТІЛ» оқу-әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі Кеген аудандық филиалының меңгерушісі

ҚҰРМЕТ

Қаламгерге арналды

Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылындағы №1 мектеп-лицейде ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының, Талдықорған қаласының, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері, қаламгер, публицист Күмісжан Байжан атындағы кабинет ашылды.



Серік САТЫБАЛДИЕВ

Салтанатты жағдайда кабинеттің лентасы қиылып, алғашқы келушілер ішін аралап көрді. Қазақ журналистикасына 40 жылдан астам уақыт қызмет етіп, өңір баспасөзін дамытуға елеулі үлес қосқан журналистің бүкіл еңбегін енді осы білім шаңырағынан табуға болады. Кабинетті қаламгер жеке қаржысына ыждағатпен жабдықтап, өз туындыларымен қоса 200 акын-жазушының кітаптарын әкелді. Мұнда баспа өнімдері молынан жинақталумен қатар, әр жылдардағы фотосуреттер ретімен орналастырылған.

Осы айтулы шараға орай мектеп-лицейдің кең де жарық спорт залында әдеби кеш өтті. Жылы жүздесуге оқушылар мен ұстаздардан бөлек алыс-жақыннан зиялы қауым өкілдері, Күмісжан Байжанның рухани шәкірттері, туыс-жақындары келді. Жиын тізгінін қолына алған белгілі жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы кеш барысында Күмісжан Құдайбергеновтың өмірі мен шығармашылығынан сыр тарқатып отырды.

Алдыңмен аудан әкімі Нұрлан Ертаксөз алып, баспасөзге өзіндік қолтаңбасымен айшықты із салған авторға деген тілегін жеткізді.

Бұл кабинеттің ашылуы – аудан өміріндегі маңызды оқиға. Ұлт руханиятына сүбелі үлес қосқан жазушы-публицист Күмісжан Байжан халықтың мұң-мұқтажын жүрегіне түйіп, өзінің бай шығармашылығы арқылы елінің рухын асқартатын келеді. Оның туындылары көркемдігімен ғана емес, әлеуметтік маңыздылығымен де ерекшеленеді. Әрбір жазған мақаласы мен баспадан шыққан кітабы оқырманға терең ой салады. Мектепте оқушылар қаламгердің мағынасы терең, бай еңбектерімен етене таныса алады. Жалпы акын-жазушылармен жүздесіп, еңбектерін тереңнен түсініп, ұлы тұлғалардың өмір жолынан, шығармашылық белестерінен сабақ алуға жақсы мүмкіндік жасалып отыр. Бұл бөлме жас ұрпақтың еліміздің мәдениеті мен әдебиетіне деген сүйіспеншілігін арттырып, рухани дамуына ықпал ететін орын болмақ. Жастарымызды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде осындай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тапқаны құба-құп. Өмірден көргені мен түйгенін жүрегіне жазып, елі мен жерінің асылын көзмоншақтай теріп, кітаптарына арқау еткен публицистің бойында өмірге деген құштарлық, адами қасиеттер мен мұндайлық тұрады. Үлкенмен үлкендей, кішімен кішідей тіл табысады. Тәрбиелік мәнді

сөздерімен өзгелерге өңге көрсетіп келеді. Өскелең ұрпаққа үлгі болар тұлғалардың еңбектерін насихаттау біздің басты міндетіміз десек, ұлттың асыл мұраларын дәріптеудің жарқын үлгісінің бірі – бүгінгі шара, – деген Нұрлан Ертаксөз болашақта журналист, ақын немесе жазушы болар баланың шырағы осы жерде жағыларына сенім білдірді. Қаламгер кабинетінің есігі басқа мектеп оқушылары үшін де ашық болуға тиіс екенін айтты.

Кездесуде Күмісжан Байжанның мектепте бірге оқыған сыныптасы, белгілі жазушы, қоғам қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, жиынды жүргізіп отырған Нағашыбек Қапалбекұлы тағылымды ой өрбітті.

– Біз бір кластан 6 қаламгер шықтық. Олар – жазушы Жұмабай Шаштайұлы, әдебиеттанушы-сыншы Рафат Әбдіғұлов, кезінде «Орталық Азия» халықаралық газетінің бас редакторы болған Молдахан Мұқатаев, «Жетісу» газетінде қызмет істеген Баян Нұрғалиева, Күмісжан және мен. Себебі неде? Өйткені біздің мектеп директорлары, казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, жалпы ұстаздарымыз мықты болды. Алматыдан ай сайын акын-жазушылар оқушылармен кездесуге келетін. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Зейнолла Қабдолов сияқты үлкен акын-жазушылармен кездесу кештері өтетін. Одан бөлек қазіргі Саурық батыр ауылындағы мектепте әдебиеттанушы-ұстаз Жолсейіт Еспаев деген ағамыз болды. Ол да қаламгерлермен кездесу өткізгенде біздің мектептің әдебиетке құмар балаларын алдыртатын. Нәтижесінде әдебиетке қызығушылығымыз оянып, өлең жаза бастадық, бір-бірімізге қарап қанағтанып, қайраттандық, одан газетке мақала жаздық. Күмісжан мектепте үздік оқыды, қоғамдық істерге белсене араласты. Аудандық газетке үзбей мақала жазып тұрды. Сол 14 жасынан бері, мінекей, 60 жылдан асты, қаламы қолынан түскен жоқ. Жазған дүниелерінің барлығы мәнді де мағыналы. «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі ретінде еліміздің басты басылымының әр санынан мақалалары үзілмейтін. Өзінің қайраткер қаламгер екенін еңбегімен дәлелдеді. Аудандық газетті 1990 жылдардағы экономикалық қиын кездері басқарған уақытта көптеген басылым жабылып жатты. Күмісжан басылымның сол кездегі «Екпінді еңбек» атауын «Атамекен» деп өзгертіп, қаржылық-шаруашылық

жұмысын жолға қойды. Газеттің сапасы артып, республикада аудандық газеттердің ішінде бірнеше рет байқау жеңімпазы болып, өзі Журналистер одағының сыйлығын екі мәрте ұтып алды. Газет тілшілерінің тұрмыстық жағдайын жақсартып, бірқатарының баспана алуына көмектесті. Сайдың тасындай журналистер тәрбиеледі. Аудандық газетті 20 жыл басқарғанда бір шоғыр журналистің қалыптасуына, шығармашылық өсуіне зор үлес қосты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін туған жеріне оралып, тарихи-танымдық кітаптар шығарды. Барлығы 18 кітабы жарық көрді. «Жамбыл елінің жайсаңдары» кітабында ерінбей-жалықпай қаншама дерек жинақтап, осы аймақтың бүкіл ардақтыларының галереясын жасады. Туған жерінің алдында перзенттік парызын бір кісідей өтеген кім десе, мен Күмісжанды айтар едім, – деген Нағашыбек Қапалбекұлы кеш иесін «Бәйбіше баба» қорының арнайы төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, ғалым Мұхтар Ботабайұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов, «Егемен Қазақстан» газетінен Айнаш Есалы, қаламгерлер Өмірбай Өмірзақұлы, Нүсіпбай Әбдірахым, Манарбек Ізбасаров, Гулнар Өмірзақова сөз сөйлеп, журналистің еңбегін сан қырынан атап өтті.

«Халқы сүйген қаламгер» атты әдеби кеште оқушылар жырдан шашу шашып, Күмісжан Байжанға арнап жазылған Рәтбек Терлікбаевтың «Ақиқат іздеп қаламнан» өлеңін оқыса, жас дарын Қалмахан Нұрмахан жүрекжарды арнауын жеткізді. Қара сөздің майын тамызған Күмісжан Байжан өлеңмен де өрнек салған, осыған орай өрендер оның жырларын мәнерлеп оқыды. Айтыскер акын Жалғас Садырұлы арнауын айтты.

Күмісжан Байжан зейнеткерлікке шығар алдында 10 жылға жуық ата басылым «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі қызметін абыйроймен атқарды. Журналистің жазушылықпен ұштастырып, киелі мекенде туып-өскен тарихи тұлғалар мен ардақты азаматтар туралы кітаптар жазды. Оның туған өлке жайлы тағылымға толы «Кие», «Жақсылардың парызы», «Көз ілмейтін көңіл», «Сөнбейтін сезім», «Туған жер – тұмарым» сияқты кітаптары да оқырманнан өз бағасын алған. Танымал қаламгер бүгінде отбасында ардақты ана, аяулы жар, немерелерінің ақылман әжесі.

Жамбыл ауданы

«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙІНЕ – 30 ЖЫЛ!

Болашақ иесі жастарға керекті – сапалы білім мен саналы тәрбие. Бүгінде осынау таразының екі басын тең ұстап, шәкірттерінің әр салада биік жетістікке жетуіне себепші болып отырған оқу орындары – білім-инновация лицейлері.

БІРЕГЕЙ БІЛІМ ОРДАСЫ

Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Азаттық алып, бой тіктеген 90-жылдардың басында еліміздің әр өңірінен ізденімпаз балаларға есігін айқара ашқан лицейлер тәуелсіздікпен бірге түлеп, 30 жылдық тарихын да таңбалады. Осынау мерейтой тұсында Есік қаласында орналасқан Алханбек Мәлкеев атындағы Есік мамандандырылған дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты Т.Молдағалиев атындағы Мәдениет үйінде үлкен кеш өткізді. Білім ордасынан түлеп ұшқан шәкірттер, оқушыларды білім нәрімен сусындатып, тә-

таздарға білім басқармасы басшысы Салтанат Беспаеваның Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ облыстағы білім ошақтары арасында «Білім-инновация» лицей-интернаты жеткен жетістіктерімен әркез жоғары тұратынын да атап өтті.

Лицей оқушылары олимпиадалық байқауларға үнемі қатысып, еліміздің Туын білім додаларында биіктен желбіретіп жүр. 2017-2018 жылдары облыстық байқаудан 30, республикалық байқаудан 43, халықаралық байқаудан 3 жұлде иеленсе, 2022-2023 жылдары аралығында облыстық байқаудан 62, республикалық байқаудан 25, халықаралық жарыстан 1 жұлде қанжығалап, үздіктер қатарында келеді. Республика



лім-тәрбие берген ұстаздар бас қосты. Келелі кездесуге арнайы шақырылған қонақтар мен ата-аналар да жиналды.

Салтанатты жиынның ашылуында сөз алған аудандық мәслихат төрағасы Бекет Ахметов: «Білім ордасын төмамдап, түлеп ұшқан балаларымыз бүгінде бір-бір саланың мықты маманы ретінде еліміздің көркеюіне үлкен үлес қосып отыр. Білімді де білікті шәкірт тәрбиелеген тәжірибелі ұстаздарға құрмет білдіріп, осындай іс-шара ұйымдастырып жатқан мектеп ұжымы мен оқушыларына алғыс айтамын», – дей келе, бүгінде Есік қаласының әкімі ретінде халыққа қызмет көрсетіп отырған Жан Құраметов те лицей түлегі екенін тілге тиек етті.

1994 жылы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің білім бөліміне қарасты Алханбек Мәлкеев атындағы Есік мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты деген атпен ашылған білім ордасының атауы 2017 жылы «Білім-инновация» лицей-интернаты болып өзгерді. Дәл осы жылы лицей қазақстандық ЮНЕСКО клубы федерациясының мүшесі мәртебесін растайтын сертификат алады.

Жиында «Жас дарын» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау ғылыми-практикалық орталығының директоры Диана Онбырбаева лицей директоры Нұрболат Алтынбекұлына және ұс-

бойынша ұлттық бірінғай тестілеуден де жоғары ұпай жинап жүрген лицей түлектерінің басым көпшілігі мемлекеттік грант иегері атанып жатқанына куәміз.

«Бәсекеге қабілетті, үйлесімді орта қалыптастыра отырып, болашақта ел мен жерге пайдасы тиер білімді, адал азаматтардың шығуына жағдай жасауды мақсат еткен бұл білім ордасы бүгінде өз мақсатына жетті деп айта аламын. Оған еліміздің әр түпкірінде абыйроймен қызмет етіп отырған түлектер дәлел. Ал бұл істе ұстаздардың еңбегі ерен», – деген «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының вице-президенті Қуат Қожахметов білім саласы мен жергілікті жердің өркендеуіне үлес қосқан ұстаздарға мерейтойлық төсбелгі табыстады.

2015 жылы лицей түлектері «Ағалқа» қоғамдық бірлестігін құрып, бүгінде дейін игі іспен айналысып, көмекке мұқтаждардың жанынан табылып жүр. Мерейтойға арнайы келген қоғамдық бірлестіктің негізін қалаушы Ұлан Нұрәлім мен бірлестіктің экс-президенті Әсет Смайылов отыз жыл ішінде лицейдің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан ұстаздарға мерейтойлық төсбелгі табыстады.

Лицей оқушыларының КТК командасы өткір қалжыңдарымен қонақтардың көңілін көтерді. Сондай-ақ әуезді ән, домбыра үні кештің сәнін кіргізді.

Еңбекшіқазақ ауданы

ДЕНСАУЛЫҚ

Серіктесінің бірінде АИТВ инфекциясы жоқ, ал екіншісінде бар болса, оларды дискордантты жұп дейді. Егер науқас серіктесі уақытылы антиретровирустық терапия қабылдаса, анықталмайтын вирустық жүктемесі болса, мұндай жұптарда инфекция жұқтыру қаупі нөлге тең. Әрине, жыныстық жолмен берілетін басқа да аурулар болады. Олар емделеді, бірақ әрбір жаңа инфекция имундық жүйені әлсіретеді. Сондықтан әрқашан мүшеқап қолданған жөн.

Елеусіз қалдыруға болмайды

Дискордантты жұптар АИТВ-ның алдын алу және оған күрес орталығы мамандарына жүгініп, көмек ала алады. Бұл АИТВ инфекциясы болған кезде де қалыпты жыныстық қатынасқа мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүкті болуға және сау бала тууға көмектеседі. Дискордантты жұптардағы жүктілікті жоспарлау кезінде инфекциялистер, эпидемиологтар, акушер-гинеколог мамандарға қаралу керек. АИТВ инфекциясының тасымалдаушысы ер адам болған дискордантты жұптарда әйелдің сау бала туу мүмкіндігі де бар.

Тиімді антиретровирустық терапияның пайда болуы АИТВ инфекциясын емдеу саласына серпіліс берді. Қазіргі уақытта вирусты ағзандан толығымен алып тастайтын дәрі болмаса да, ғылым жетістіктерінің арқасында АИТВ инфекциясын созылмалы ауруға айналдыру арқылы бақылауға мүмкіндік беретін дәрілер бар. Диагноз қойылған сәттен бастап науқас ем-дом қабылдайды. Осылайша, оның ауруы асқынбайды. АИТВ инфекциясы бар науқастар өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керек. Жоғары белсенді терапияның көмегімен инфекция жұқтырған адамның отбасын құруға, оқуына, мамандықпен жұмыс істеуіне және қартайғанға дейін өмір сүруге толық мүмкіндігі бар. Сонымен қатар Қазақстандағы АИТВ инфекциясы бар азаматтарға барлық медициналық көмек көрсету мен емдеу тегін.

АИТВ инфекциясы бар дискордантты жұптар төмендегідей жағдайларды білуі шарт:

- инфекциялистер-дәрігердің барлық нұсқамалары мен тағайындауларын міндетті түрде орындау қажет;
- антиретровирустық терапияны уақытылы қабылдауды ұмытпау;
- үнемі медициналық тексеруден өтіп тұру керек.

А. БАЙҚАЙЫП,

ШЖҚ «ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Алматы облыстық орталығының» эпидемиолог-маманы

Алматы облысының тауар нарығында монополияға қарсы жүргізілген талдаулар туралы

Бәсекелестіктің жай-күйін талдау деген не және ол не себепті жүргізіледі?

Белгілі бір нарықтағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау оның денгейін, монополиялық жағдайға ие субъектілер мен олардың басымдығын, нарыққа шығудағы кедергілерді анықтау үшін жүргізіледі. Талдау нәтижелері бәсекелестікті қорғау және дамыту және реттеу бойынша ұсыныстарды әзірлеуге пайдаланылады.

Осыған байланысты биылғы жылдың басынан бері Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментімен тауар нарығына 13 талдау жүргізілді. Олар – жүгері астығын қабылдау, жер учаскелерін жобалау, электр энергиясын бөлшек саудаға шығару, құс етін өндіру және өткізу қызметтері, мектепке дейінгі және мектептегі білім беру саласындағы қызметтер нарығы, спорттық және шығармашылық тапсырыс, Еңбекшіқазақ ауданы аумағында тұтынушыларды табиғи газға қосу кезіндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары, мұнай өнімдерін сақтау, мұнай тасымалдау және мұнай өнімдері бойынша қызметтер нарығы, сымды интернет және телефон байланысы қызметтерін ұсыну, газ тарату ұйымдарының тауарлық газын бөлшек саудаға шығару, жеке

тұлғалар үшін сымды интернет қызметтерін ұсыну, жылыту қажеттіліктері үшін халыққа және өнеркәсіптік тұтынушыларға сұйытылған мұнай газын өткізу қызметтерін көрсету нарығы, астық қабылдау кәсіпорындарының қызметтері (астықты қабылдау, кептіру, тазарту, сақтау және тиіп-жөнелту), Қонаев қаласының шекарасында тіркелген (сымды) интернет қызметтерін көрсету нарығы.

Жоғарыда көрсетілген талдаулардың қорытындысы бойынша және де нарықтық шоғырлану коэффициенттерінің жөйне Герфиндаль – Гиршман индексінің (НН) мәндеріне сәйкес, талданатын тауар нарығы шоғырлану жағынан жоғары және бірқалыптылығымен, нарықты монополиялаудың жоғары дәрежесімен және оған нарық субъектілерінің біркелкі қатыса алмауымен сипатталады. Бұған қоса, департамент Алматы облысының географиялық шекараларында бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілері анықталмағанын хабарлайды. Сонымен қатар Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің қызметі шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы барлық ақпарат ашық медиа кеңістігінде («Instagram», «Facebook», «Telegram») жарияланады және оны әрбір адам қадағалай алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы облысының құрылыс басқармасы барлық мүдделі тұлғаларға 11.11.2024 ж. бастап 5 жұмыс күніне дейін бірінғай экологиялық порталда Алматы облысы Қонаев қаласы Заречный ауылында орналасқан «Алматы облысы Қонаев қаласындағы Заречный кентіндегі 3660 әскери бөлімінің жедел батальонын орналастыру үшін қазарманы сейсмикалық күшейту арқылы қайта жанарту, абаттандыру және жолдарды жөндеу» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау басталатынын хабарлайды.

Қоғамдық талқылау сайты: <https://ecoportal.kz/>
Барлық ақпарат үшін +77077924445; g.kezembayeva@gmail.com хабарласуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление строительства Алматинской области доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 11.11.2024 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале начнется публичное обсуждение по разделу «Охраны окружающей среды» к проекту «Реконструкция с сейсмоуселением казармы для размещения батальона оперативного назначения, благоустройство и дороги воинской части 3660 в с. Заречный в г. Қонаев Алматинской области» расположенного по адресу: Алматинская область г. Қонаев с. Заречный.

Сайт публичного обсуждения: <https://ecoportal.kz/>
За информацией обращаться: +77077924445; g.kezembayeva@gmail.com

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100



талды. Шараға жиылған көпшілік жазушының өлең өлкесіне де өзіндік өрнек салғанын танып, білді:

*Жазып та көрдім мен де өлең,
Жазып та көрдім қара сөз.
Ерте ме, кеш пе, мен де өлем,
Өлмейді тек дана сөз!*

Немесе:
*Өлеңде мінезі бар жас баланың,
Жылатып алам ба деп жасқанамын.
Өлең – нәзік шегіндей домбыраның,
Үзіп алса үлкені масқараның,
Бұрқыратып өлеңді жазып тастап,
Жастық етіп жасырын жасанамын,* – деген жолдар қаламгердің ақындық қарымын аңғартса керек.

Салтанатты жиынға қатысушылар Бердібек Соқпақбаевтың қарындасы Несіпхан апайға сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауап алды. Жас жеткіншектерді ағасының қаламгерлікке келу жолы, жазушының отбасы, сүйіп атқаратын шаруалары, алғашқы туындыларын кім оқығаны қызықтырды.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...


СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ

Әлеуметтік желіде сұхбаттасыңыздың сізге сәлем беруі өте сирек жағдай. Мойындайсыз ғой? Қашан амандасады деп күтіп әуре болудың қажеті шамалы. Өзіңізді соған іштей дайындап қойыңыз. Әйтпесе, текке ренжісіп қалуыңыз мүмкін. Сонымен, онлайн хат жазуда қандай этикет ережелері барына көз жүгіртіп көрелік.

Бейбіт МЕКЕЕВ

Адамдар интернетте неге амандаспайды? Өйткені ілтипаттылыққа уақыт жетпей жатады. Сондықтан диалог бастала сала, «сәлем» алмастан қандай да бір мәселенің мәніне бірден көшіп, шешімін табуға тырысады. Ол үшін экранның ар жағындағы жанға ренжи аламыз ба? Іс жүзінде егер хат жазысуды маңызды нәрседен бастасаңыз, сұрағыңызға жауап алуыңыз тезірек болмақ. Мұндай жағдайда сұхбаттасыңыз сіздің бос әңгімені мылжындап уақытың алу үшін емес, өзіне белгілі бір мәселе бойынша жазып отырғаныңызды дереу түсінеді.

Енді ілтипаттылық жайына тоқталайық. Көбінесе біз телефонмен қоңырау шалғанда: «Мен бөгет болып тұрған жоқпын ба?» – деп сұраймыз. Хабарлама жазысанда да кейбір адам: «Сәлем! Уақытың бар ма?» – деп жатады. Бұл әңгімелесушіге жолсыздық болып көрінуі ықтимал, өйткені оның жауап беруі және сосын нені білгің келетінін күтуі керек.



Қолжылдырған – Қалдыбек ОРАТОВ

Ал енді мәселеге психологиялық тұрғыдан келсек, мұндай адам өзін өзгелерден жоғары санап, қарапайым ғана «саламатсызбалық» деңгейге «құлдилауды» өзіне ар санауы мүмкін. Тұтастай алғанда, психологтер бұл санаттағы адамдар туралы әркілі түсіндірме айтады. Сондықтан жай ғана өз айналаңызда өзін өзгелерден жоғары санайтындықтан амандасуға дағдыланбаған адам бар екендігіне мойынсұнуға тура келеді. Бұған қоса, көптеген кісілер әлеуметтік желіде әр кеш сайын диалог құрып отыратын өз достарымен де амандаспайды. Мұны әншейін ғана әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәнері деуге болады. Өте жақын досымызбен хабарласқанда көпшілігіміз «сәлемді» жайына қалдырып, бірден істің мәніне көшеміз де, айтпақ болған жайттарды ғана жазамыз.

Тағы бір желке қасытар жайт – онлайн-қатынас этикетінің негізгі ережелері. Олар қандай? Бастысы, хабарламаны бірнеше ұсақ бөлшекке бөлмеңіз. Егер сіз «Сәлем!» деп жазсаңыз, сіз жазған адам «Не сұрамақшы екен?» деп ойлауы мүмкін, ал егер әңгімелеспек болған кісіңіз тым мазасыз жан болса, онда ол бұған қоса «Не болды екен? Мен не бүлдірдім?» деген сынайдағы сұрақтармен өзін жазғыруы кәдік. Диалогке не үшін шығып отырғаныңызды бірден білдіре кетіңіз. Бір ғана хабарлама жазбақ болсаңыз, оны бірнеше жеке жазбаларға бөлшектемеңіз. Әдетте бұл хат жазып отырған кісіңіздің шамамына тиіс мүмкін. Хат жолдамақ адамыңыздың келісімінсіз дыбыстық хабарлама жолдамаңыз. Бұл кезде сұхбаттасыңыздың тыңдау мүмкіндігі болмай қалуын жадыңызда ұстаныңыз! Ол адамға сіздің дыбыстық хабарламаны тыңдау ыңғайлы ма, жоқ па, алдын ала біліп алу керек.

Уақыт жағы үнемі жадыңызда болғаны жөн. Егер хабарламаңыз «өмір мен өлім» мәселесіне қатысты болмаса, оны тым ерте немесе тым кеш жіберудің қажеті жоқ. Көптеген адамдар жатар алдында хабарландыру дыбысын өшірмейді, сондықтан сұхбаттасыңызды оятып жіберуіңіз әбден мүмкін. Этикет бойынша хабарламаларды таңғы 8:00-ден кешкі 22:00-ге дейін жолдауға болады. Ал егер дәл сол кезде хабарлама жіберу қажеттігі туындаса, көптеген әлеуметтік желіде «кейінірек жіберу» немесе «қоңыраусыз жіберу» деген функциялар бары ойыңызда болсын.

Ендігі бір мәселе – тыныс белгілері. Бұларды қойып отыруды этикет нормалары ізеттілік, құрмет және сауаттылық деп белгілеген. Шын мәнінде, тыныс белгілерінің барлық ережесін білу міндетті емес. Кейде үтірді ұн қатқалы отырған адамның есімінің алдына немесе соңына қойса және сөйлемді нүктемен аяқтамаңыз жеткілікті. Ал шұғыл жауап жаза алмасаңыз, онда бұл жөнінде ескертіп қойыңыз.

Хабарламаңызды жіберер алдында қайталап оқып алыңыз! Өйткені шапшаң жазу барысында әріп қатесі кетіп қалады. Сонымен қатар автоауыстыру қосылып кетіп, желінің арғы басындағы адамға ұнамайтын сөз кетіп «түзеп» жіберуі ғажап емес. Жаңылыс теру мен қате жазу мәтінді түсініуді қиындатып, онда айтылмақ ойды бұзады. Қатесіз терілген мәтін – бұл сұхбаттасыңызға деген құрмет, өйткені ол сіздің не сіздің не жазбақ болғаныңызды түсіну үшін желкесін қасып әуре болмайды. Сондай-ақ шынайы өмірде айта қоймас нәрселерді жазбаңыз! Интернет айдынында өмірдегідей емес, барлық адам жүрекжұтқан батыр. Сондықтан «шынайы» және «онлайн» адам делінетін жікке бөлінбейсіз! Сұхбаттасыңызға шынайы өмірде айта алатын нәрсені ғана жазыңыз!

ЕГЕР СІЗ ОБЛЫСТЫҚ «АЛАТАУ АРАЙЫ» ГАЗЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ, ЕСКЕ АЛУ, ЖАРНАМА, МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАҚАЛА, ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРГІҢІЗ КЕЛСЕ, МЫНА ТЕЛЕФОНДАРҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ:
8 747-688-17-41, 8 708-210-95-71.

Жазушымен сырласу

Қаскелең қаласындағы «Қарлығаш» шағынауданында жаңадан пайдалануға берілген мектеп-гимназияға балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың есімі берілгенін естіп, қуанған едік. Енді сол мектепте қаламгерге арналған мұражайдың ашылғаны туралы сүйінші хабар келіп жетті. Аталған шараға жазушының қарындасы Несіпхан Аманбаева, ауданның қадірменді азаматтары мен ұлағатты ұстаздар қатысты.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Өскелең ұрпақты классиктің туындыларымен таныстыру, олардың әдебиетке деген қызығушылығын оятып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерін сіңіру мақсатында өткізілген «Балалық шаққа саяхат» атты әдеби-сазды кеш қаламгерге арналған мұражайдың ашылуымен басталды.

Салтанатты рәсімді атқару кештің қадірменді қонағы Несіпхан Аманбаева

мен аудандық білім бөлімінің басшысы Әсел Еркімбаеваға жүктелді. Мұражайдың лентасы қиылғаннан кейін ақ жаулықты әжелер еліміздің ежелгі дәстүрі бойынша шашу шашып, қуанышты сәтті еселей түсті. Осыдан кейін қонақтар мұражай ішіне кіріп, онда қойылған құнды жәдігерлермен, жазушының өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беретін фотосуреттермен танысты.

Әдеби кеште сөз алған білім шаңырағының директоры Қорлан Тұрсынова Бердібек Соқпақбаевтың казак әдебиетіне қосқан үлесіне тоқ-

Бердібек туралы сөз қозғалғанда оның кейіпкері Қожа туралы әңгіменің алдымен қозғалатыны – ақиқат. Кеш барысында «Менің атым Қожа» фильмінен үзінділер көрсетілді. Жазушының өз кейіпкеріне қатты ұқсайтыны, оның да ауылдың қарасирақ баласы болып, түрлі оқиғаларды басынан кешіргені айтылды.

Әрине, аталған шарада білім шаңырағының өнерпаздары да өз үлестерін қосты. Мектептің драмалық үйірмесіне қатысушылар «Менің атым Қожаны» сахналап, көрермен назарына ұсынды. Сонымен қатар мың бұрала билеген бишілер мен әуелете ән салған әншілер сахна сәнін келтіріп, кештің шырайын аша түсті. Соңынан мәртебелі мейманға сый-сияпат көрсетіліп, артына өлмейтін мұра қалдырған балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың рухын асқақтатты.

Қарасай ауданы

Өшпейтіндей қалдырған өз бейнесін

Кім білмес Соқпақбаев Бердібекті?!

*Кім білмес Соқпақбаев Бердібекті?!
Демейміз ол өмірге келді – кетті...
Тәлей үшін тағдырмен тайталасып,
Еңсесін түсірместен ерлік етті!*

*Таныын деп қолыма тарихты алдым,
Көш керуен...
Бекеңді танып қалдым.
Адасып арманыңнан қалмайын деп,
Артынан ерген екен алыптардың...*

*Бір кезде Бердібек те бала болған
Есіл-дерті ойнайтын дала болған.
Көргенін көңіліне түйіп жүріп,
Ержеткенде қолына қалам алған.*

*Қашанда өмір – бақыт, өлім – қайғы,
Тірлікті іздегенді жеңіл, жайлы.
Тек қана саясаттан сәл жасқанып,
Ақиқатты айта алмай
көп ымдайды...*

*Деді ме, тұрмыс төмен кез ғой десін,
Атын бүркеп...
Кілтті «сөз жейдесін»,
Азып-тозып жетімдік көргенімен,
Өшпейтіндей қалдырған
өз бейнесін.*

*Уақыт қайырылмайтын қандай
«зәлім»,
Санаңда сағының боп
самғайды әнің.
Бекең де тамсанумен жазып кеткен,
Тата алмай балалықтың балдай
дәмін...*

*Қу тірлік!
Қуанышы аз, азабы көп,*

*Ешкім бұрын айта алмас
озамын деп.
Жазушының алайда жайы бөлек,
Ол – оның мойнындағы таза міндет!*

*Әрқашан ақиқатқа белсенді едің,
Біреулер басқаша айтса мен
сенбедім.
Өйткені ойларыңнан аңғардым
мен,
Өнегелі өмірдің өлімдерің.*

Бермейік асыл жанның мінін іздей...

*Әркімнің әртүрлі ғой табысы да,
Әркімнің әртүрлі ғой намысы да.
Біреу шыдап, біреулер шыамаған,
Өмірдің адуынды ағысына.*

*Адамдардан қорынып бірге жүрген,
Жылағаны көп екен күлгенінен.
Қоғамның қолтығына қораламай,
Өмір сүрген өзінің білгенімен.*

*Болған ғой мінезі де аса қызық,
Еріксіз дегендейсің «жаса бұзық»
Сөйлесе айналсын күлдіреді,
Парлатып, екі көзден жас ағызып.*

*Бермейік асыл жанның мінін іздей,
Жамандыққа жаны қас дініміздей!
Ал, енді, шығармасын жазған кезде,
Ойы – орман,
көңілі – көл,
тілі – біздей!*



Қаламгер монологы

*Жақсы болып көрмедім,
Жаман болып өлмедім.
Қуағанда көлдедім,
Қуарғанда шөлдедім.*

*Сүріндім талай құламай,
Жұбанып жүрдім жыламай.
Біреулерге ұнасам,
Біреулерге ұнамай.
Құлдық ұрдым Құдайға,
Бір жеңілдік сұрамай.*

*Еске түссе «Қостөбем»,
Түсіме енер дос деген.
Бес-алты үйлі «Қостөбе»,
Ойпырмай, неғып өспеген?!
Көзімде тұр ғой сурет боп,
Көңілімнен әлі өштеген....*



Менің айтарым

*Тыңдасақ айтатұғын әні бөлек,
Ойының түйіндеген мәні бөлек,
Болмысы, табиғаты, жаны бөлек,
Санасы, сүйенетін заңы бөлек,
Оқыған оқырманы ойланып деп,
Берітті ойындағы барын «елеп».
Қазіргі алмағайып заманда да,
Қазаққа өзіңдей дарын керек!*

Данал ӘМЕТҰЛЫ
Еңбекшіқазақ ауданы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

**Бас редактордың
бірінші орынбасары:**
Алма ЕСЕНБАЙ

**Бас редактордың
орынбасары:**
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 272 42 04
Іле ауданы – Бағдат ШОЙБАСОВ	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӨЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 1170

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымның таралымы – 7 823. Индекс – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ